




International
Labour
Organization

Қазақстанның аграрлық секторындағы бала еңбегі:

Алматы және Оңтүстік Қазақстан
облыстарындағы зерттеу нәтижелері



ЕСЕП БЕРУ



Бала еңбегін
Жою жөніндегі
Халықаралық
Бағдарлама
(IPEC)

Халықаралық Ұйымы мен тұрарлық жұмыс мәселелері бойынша
Шығыс Еуропа және Орталық Азия мемлекеттері үшін техникалық қолдау тобы

Қазақстанның аграрлық секторындағы бала еңбегі

Алматы және Оңтүстік Қазақстан
облыстарындағы
зерттеу нәтижелері

ЕСЕП

Бала Еңбегін
Жою Жөніндегі
Халықаралық
Бағдарлама
(ИПЕК)

Халықаралық Ұйымы мен тұрарлық жұмыс бойынша
Шығыс Еуропа және Орталық Азия мемлекеттері үшін қолдау тобы

Халықаралық Еңбек бюросының жариялаулары авторлық құқығы туралы 2 Дүниежүзілік конвенцияның хаттамасына сәйкес авторлық құқықтармен қорғанылады. Бірақ жариялаулардың ішінен алынған көздің аталуын көрсеткен жағдайда рұқсатсыз қысқаша үзінділерді алып қолдануға болады. Көшірмелерін алу немесе аудару үшін мына мекенжайға өтініш жасау керек: International Labour Office CH-1211, Geneva 22, Switzerland, ILO Publications, (Rights and Permissions) немесе электрондық пошта бойынша: pubdroit@ilo.org Халықаралық Еңбек бюросы мұндай үндеулерді қошаменетейді.

Зияткерлік ұйымдарда тіркелген кітапханалар, мекемелер және басқа қолданушыларға берілген лицензияларға сәйкес көшірмелер жасай алады. Зияткеркерлік ұйымдарды табу үшін www.iftro.org сайтқа кіріп шығыңыз.

ИПЕК

Қазақстанның аграрлық секторындағы бала еңбегі. Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы зерттеу нәтижелері. Есен/ Халықаралық еңбек ұйымы, Бала еңбегін жою жөніндегі халықаралық бағдарлама (ИПЕК) – Алматы: ХЕҰ, 2013.

ISBN 978-92-2-026633-5 (екі тілді басылым); 978-92-2-826636-8 (Web PDF Қазақ тілінде нұсқасы)

Халықаралық еңбек ұйымы, Бала еңбегін жою жөніндегі халықаралық бағдарлама

Бала еңбегі/жұмыс істейтін бала/ХЕҰ Конвенциясы/ түсініктеме/ауылдық жер/Қазақстан – 13.01.2

Библиографиялық сипаттама

АВТОРЛАРДАН

Бұл жарияланымды ИПЕК үшін Қазақстандағы ИПЕК өкілі Дина О'Брайен ханымның үйлестіруімен Сандж Зерттеу Орталығы дайындаған.

Осы ХЕҰ жарияланым қаржыландыруы Германия Федеративтік Республикасымен берілген (Жоба RER/11/51P/FRG).

Жарияланым Германия Федеративтік Республикасының саясатымен көзқарасын міндетті түрде қолдайтынын білдірмейді. Фирмалар, коммерциялық бұйымдар және мекемелер атауларының көрсетілуі олардың мақұлдауын білдірмейді.

Біріккен Ұлттар Ұйымымен қабылданған тәжірибеге сәйкес, осы жариялаудағы мәліметтер көрсетілуі және атаулар жазылуы, еш бір мемлекет, аудан немесе аумақтың құқықтық мәртебесі, немесе олардың үкіметі туралы, сонымен қатар шекараларының делимитациясы туралы Халықаралық Еңбек бюросының пікірі болып табылмайды.

Жазылған баптарда, мәтіндерде, зерттеулерде және басқа туындыларда берілген пікірлер жауапкершілік тек олардың авторларында жатады, және Халықаралық Еңбек бюросының жариялауды басып шығарғаны баяндалатын пікірлерді қолдайтынын білдірмейді.

Фирмалар, коммерциялық бұйым немесе процесстер атауларының ескертуі Халықаралық Еңбек бюросының оларды мақұлдауын немесе сол сияқты нақты фирманың ескертуінің, коммерциялық бұйымдардың және процесстер аталуының жоқтығын мақұлдамауын білдірмейді.

ХЕҰ-ның жариялаулары және электрондық өнімдер ірі кітап дүкендермен көп мемлекеттердегі бар жергілікті ХЕҰ-ның кеңселерінде алуға болады, немесе тікелей ХЕҰ-ның материалдар бастырушыдан, яғни International Labour Office, CH-1211 Geneva 22, Switzerland. Жаңа жариялаулардың тізімімен каталогтарды көрсетілген мекен-жайы немесе электрондық пошта арқылы ақысыз алуға болады: pubvente@ilo.org немесе біздің вебсайтқа кіріп шығыңыз: www.ilo.org/publns

Біздің вебсайтқа кіріп шығыңыз: www.ilo.org/publns

Мұқабасындағы суреті: Авторлық құқық © ХЕҰ 2012

Басылып шығарылған

Сурет құрастырылған

Қазақстан
ИПЕК, Алматы, Қазақстан

Мазмұны

Қықартулар мен аббревиатуралар	iv
Зерттеудің негізгі нәтижелері.....	v
Негізгі ұғымдар.....	ix
Кіріспе.....	x
Зерттеу әдіснамасы	xi
1-тарау. Көкөніс, мақта, темекі өсіретін аграрлы секторлардағы ахуалға шолу	1
1.1 Мақта саласындағы жағдайға шолу	1
1.2 Темекі саласындағы жағдайға шолу	3
1.3 Көкөніс өнімдерін өндіру жағдайына шолу	5
2-тарау. Аграрлық сектордағы бала еңбегі	8
2.1 Балаларды еңбекке тарту: бала еңбегін шоғырландыру аймағындағы үй шаруашылығы санағының нәтижелері.....	8
2.2 Балаларды еңбекке тарту: мақсатты топ балаларына сауалнама жүргізу нәтижелері.....	9
2.3 Аграрлық сектордағы балалардың жұмыспен қамтылуы	10
2.4 Балалардың еңбекақысы	12
2.5 Балалар еңбегінің жағдайлары	13
3-тарау. Жұмыс істейтін балалар мен олардың отбасының профилі	16
3.1 Санақ жүргізу арқылы жұмыс істейтін балалардың анықталған профилі.....	16
3.2 Зерттеу кезінде сауалнама алынған жұмыс істейтін балалардың профилі.....	16
3.3 Отбасылардың экономикалық жағдайы мен табыс көздері	18
3.4 Өмір сүру жағдайлары мен тұрғын үйдің қолайлылығы	19
4-тарау. Бала еңбегінің қауіпі мен оның салдары	21
4.1 Білім алуға қолжетімділік.....	21
4.2 Медициналық қызметке қолжетімділік	26
4.3 Бос уақытты ұйымдастыру	27
5-тарау. Бала еңбегін пайдалануға қалай жол бермеу керек	29
5.1 Баланың жұмыс істеу себептері.....	29
5.2 Жұртшылықтың ұсынысы.....	31
5.3 Бала еңбегін қолдануға қарсы тұруда жергілікті өкіметінің рөлі	33
5.4 Балалардың құқығын қорғау жөніндегі қоғамдық ұйымдардың рөлі	34
Қорытындылар мен ұсыныстар	36
1-қосымша: Зерттеу нәтижелері бойынша кестелер.....	39
2-қосымша: Сауалнамалар	42

Қысқартулар мен аббревиатуралар

АО – Алматы облысы

ЖЖМ – жанар-жағармай материалдар

ҮШ – үй шаруашылығы

ИПЕК – Бала еңбегін жою жөніндегі халықаралық бағдарлама (International Program on Elimination of Child Labor)

ХЕҰ – халықаралық еңбек ұйымы

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйым

БЕНТ – бала еңбегінің ең нашар түрлері

КТУ – кәсіби техникалық училище

ҚР – Қазақстан Республикасы

ФТП – фокус-топтық пікірталас

ОҚО – Оңтүстік Қазақстан облысы

ЮНИСЕФ – БҰҰ балалар қоры

CLP – бала еңбегін шоғырландыру ауданы (*Child Labor intensive pocket*)

PSU – үй шаруашылығын зерттеуге арналған елді мекендер ауданы (*Primary Sampling Unit*)

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Зерттеу жұмысы 2011 жылдың қазан айында ХЕҰ-ИПЕК жобасының бенефициары ретінде кейіннен қосу үшін балалар мен олардың ата-аналары арасында сауалнама жүргізу арқылы Қазақстанның Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының ішінара елді мекендерінде аграрлық сектордағы (көкөніс, темекі, мақта) бала еңбегіне тартылған балаларды анықтау үшін жүргізілді.

Санаққа қатысқан 3763 үй шаруашылығының арасынан 5 пен 17 жас аралығында 468 бала еңбегіне тартылған бала анықталған: 184 бала көкөністе еңбек етсе, 10 бала - темекіде¹ және 274 бала - мақтада.

Жас шамасы бойынша жасы үлкен балалардың тобы басым түседі, 15-17 жастағы балалардың саны 200 адамды құрайды (42,7%), 12-14 жастағы балалар – 178 адам (38,1%), алайда 5-11 жастағы балалар да көкөніс және мақта жұмыстарына тартылған – 90 бала (19,2%).

Еңбекке тартылған балалардың ішінен үлкен үлесі мақта жұмыстарында анықталған: Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал (146 бала) және Шардара (124 бала) аудандарында.

Бала еңбегіне тартылған 5-17 жас аралығындағы балалар арасында ұл балалар басым түседі. Үй шаруашылығы санағында аграрлық секторда жұмыс істейтін 273 ұл бала (58%) және 195 (42%) қыз бала анықталды. Мақта жұмысында ұлдар мен қыздардың саны бірдей. Көкөністерде ұлдардың саны басым түсіп отыр.

Көкөніс егінжайларында балалар бірнеше жұмыс түрін атқарған: егу (18%), суару (17%), түптеу (40%), өнімді жинау (90%), көкөністерді тиеу/түсіру (23%), көкөніс салынған жәшіктерді тасу (20%), көкөністерді сұрыптау (33%). Осылардың арасында балалар үшін екі ауыр жұмыс түрі бар: көкөністерді тиеу/түсіру және көкөніс салынған жәшіктерді тасу. Аталған жұмыс түрлерімен ұлдардың 28,6%, ал қыздардың 14% айналысқан.

Көкөніспен жұмыс істеу кезеңі маусым айынан қыркүйекке дейін жалғасады: осы айларда сауалнамаға қатысқан балалардың 30-дан 70%-ға дейін балалар еңбек еткен. Көкөніс алқаптарында балалар орташа алғанда күніне 5-6 сағат жұмыс істеген (жұмыс істеген кезеңнің соңғы аптасында 38 сағат). Бұл жұмыстарға ұл балаларға қарағанда қыздар көп тартылған (37 сағат жұмыс істейтін ұлдармен салыстырғанда қыздар аптасына 39 сағат жұмыс істеген). 12-17 жастағы балаларға қарағанда (40 сағат аптасына) 5-11 жас аралығындағы балалар аз қамтылған (аптасына 27 сағат).

Көкөніс алқабындағы еңбекақының көлемі баланың жас шамасы мен жұмыстың түріне байланысты. Еңбекақы күніне 400 теңгеден (түптеу, суару) 3000 теңгеге дейін (құлпынай, жүзім жинау) түрленуі мүмкін. Балалар айына 10000-нан 35000 теңгеге (68-237 АҚШ доллары) дейін ақша таба алады.

Мақтада балалар мақта жинау (балалардың 100%), түптеу (21%), құрттарды жинау (1,3%), мақта бұтақтарын жинау (6,7%), сонымен бірге өскіннің ұштарын жұлу (1,3%) деген сияқты жұмыстарды атқарады.

Жұмыс істеген кезеңнің соңғы аптасында мақта егістігінде балалар жұмыс күндері орташа алғанда 6 сағаттан жұмыс істесе, жексенбі күні 8 сағат жұмыс істейді.

¹ Осы балалардың төртеуі сондай-ақ көкөністерде де жұмыс істейді.

Мақтамен жұмыс істеудің нағыз қызған кезі қыркүйек-қазан айларына келеді, сауалнамаға қатысқан балалардың 80-100% осы кезеңде жұмыс істеген. Әдетте балалардың еңбекақысы жиналған мақтаның көлеміне байланысты. Орта есеппен бала күніне 1000-2000 теңге немесе айына 30000-40000 теңге табуы мүмкін (203-270 АҚШ доллары).

Темекі саласындағы бала еңбегінің ахуалы соңғы жылдары жақсара түсті. Темекі компаниясы мен темекі өсіретін фермер арасындағы келісімшартта бала еңбегін қолдануға тыйым салу туралы шарт бар. Бұл бір жағынан темекі өсірушілерге міндет жүктеп, темекі саласында баланың жұмыс істеуін қысқартады. Бірақ, екінші жағынан, ата-аналар баласының темекіде жұмыс істейтінін жасырғысы келеді. Сауалнама алынған барлық 10 бала² темекімен отбасына тиесілі учаскеде немесе үйде айналысқан. Олар темекіні байлау (10 бала), түптеу (8 бала), темекіні жинау (7), сұрыптау (5), тығыздау (4), суару және егумен айналысады (2 бала).

Жауап берген балалар жұмыс күндері 5,5 сағат, ал жексенбі күндері 7,5 сағат жұмыс істеген, жұмыстың ұзақтығы аптасына орта есеппен 32 сағатты құрайды. Жұмыстың қауырт кезі мамыр және тамыз-қыркүйек айларына келеді (балалардың 60-70% осы кезеңде жұмыс істегендерін айтты).

Темекімен айналысатын баланың еңбекақысы күніне 800 теңге, немесе аптасына 4800 теңгені (32 АҚШ доллары) құрауы мүмкін. Алайда төлемақы тек маусымның соңында жүргізіледі, яғни темекі өсірушілер дайын өнімді Филипп Моррис компаниясына өткізгеннен кейін. Сондықтан да баланың жалақысы отбасының жалпы табысына қосылады, әдетте ақшаны ата-аналар алады.

Бала еңбегіне тартылған жауап алынған балалардың жартысынан көбісі өздеріне ұнамаса да, жұмыс істеуге мәжбүр. Балалардың тек 45,9% жұмыстың ұнайтындығын айтқан. Қалған балалар жұмыстың онша ұнай қоймайтындығын айтты (32,7%), немесе мүлде ұнамайды, бірақ еріксізден жұмыс істеуге мәжбүр (21,5%). Осы орайда темекіде жұмыс істеген барлық балалар жұмыс істеген ұнамайтындығын айтты.

Балалардың кейбіреуі оқу жылы басталғанына қарамастан жұмыс істеуді тоқтатпайды. Тек көкөніспен жұмыс істеген балалардың 61%, темекіде жұмыс істегендердің 40% және мақтада жұмыс істеген 21% ғана оқу жылы басталысымен жұмысты тоқтататындығын көрсеткен. Қалған балалар оқу жылы бойы сабаққа дейін немесе кейін, не болмаса сенбі-жексенбі күндері еңбек етеді. Кейбір балалар мектептен жиі қалып, жұмысын жалғастыра береді (11,6%), осының салдарынан білім сапасы мен үлгерімі төмендейді.

Кейбір балалар егінжайда жұмыс істеуге мәжбүр болғандықтан, оларға сабақтан қалуға тура келеді. Көкөніспен жұмыс істейтін балалардың 11%, мақтамен жұмыс істейтін балалардың 44% қатарынан 3 күннен көп мектептегі сабақ босатуға тура келді. Ата-аналар балаларын мектептен сұрап ала алады, әдетте бұл балалары ақша табуға мәжбүр болатын кедей отбасылар. Алайда ата-аналардың өзі бұл ақпаратты жасырады. Оңтүстік Қазақстан аудандарында (мақта) балалардың 76% ақша табу үшін, ата-аналарына көмектесу үшін мектептен қалатындықтарын атап көрсетті, ал ата-аналардың тек 8%-ы ғана балаларына егінжайда жұмыс істеуіне тура келгендіктерін айтты.

Сауалнаманың нәтижесі көрсеткендей, бала еңбегіне тартылған 12-17 жастағы балалардың жартысы негізгі білім мен дағдылардан айырылған. 12-14 жастағы балалар арасында балалардың 14,9% жақсы санай алмайды, 10,8% дұрыс жаза алмайды, ал 6,8%

² Тек 10 баладан ғана жауап алуға мүмкіндік болды, темекімен жұмыс істейтін балалар статистикасы толықтай шынайы болып табылмайды.

жақсы оқи алмайды. 15-17 жастағы балалардың 4,3% жақсы санай алмайды, 8,5% дұрыс жаза алмайды, ал 6,4% жақсы оқи алмайды. Бұл дағдылар бастауыш мектепте 11 жасқа дейін қалыптасады. Егер бұл балалардың аса кедей отбасынан шыққандығын ескеретін болсақ, олар келешекте дұрыс білім ала алмайды және кедей өмірде қала бермек.

Сауалнамаға қатысқан баланың тек 20% ғана қосымша білім алумен шұғылданады. Бір жағынан, көптеген балалар сабақтан кейінгі бос уақытын қосымша білім алуға, өзін-өзі дамытуға, денсаулықты жақсартуға, демалуға арнау керектігін сезінбейді. Тек 23% ұл бала мен 32% қыз бала ойнау, демалу, үйірмелер мен секцияларда өзіне ұнайтын нәрсемен айналысудың орнына жұмыс істеуге тура келетіндіктерін түсінеді. Көптеген балалар үшін егінжайларда жұмыс істеу – өзі үшін ақша табудың бір жолы (65%). Басқа жағынан алып қарайтын болсақ, қосымша білім алу жауап алынған балалардың тек 65 пайызына ғана қолжетімді. Зерттеу жүргізілген барлық елді мекендерде спорт стадиондары, балаларға арналған демалыс орындары, аула клубтары, секциялар мен үйірмелер жоқ. Әсіресе бұл ахуал шалғай ауылдарда айқын сезіледі.

Жұмыс істеп жүрген балалардың денсаулығы қауіпке ұшауы мүмкін. Мысалы, *мақтамен* жұмыс істейтін балаларды соңғы екі айда жылан мен жәндіктер шағып алған (12%), қалжырап, шаршағандар (12%), арқасы ауырғандар (12%), күн өткендер (8%). *Көкөніспен* айналысатын балалар содай-ақ қалжырап, шаршаған (баланың 21%-ы), бас ауырғандар (20%), арқасы ауырғандар (8%), көңіл-күйі нашарлағандар (7%), күн өткендер (7%). *Темекімен* шұғылданған балалар тыныс алу және көз ауруларына ұшыраған.

Жұмыс орнында жарақат алған балаларға көмекті негізінде ата-аналары көрсетеді (балалардың 69%). Егер бала алқапта жұмыс істеп жүріп, жарақаттанып қалса, онда 57% балаға медициналық көмек көрсетілген (ұл балалардың 62%-на, қыз балалардың 52%-на).

Баланы еңбекке тартатын негізгі тұлға олардың ата-анасы болып табылады. Ата-аналар тарапынан бала еңбегіне баланы тарту факторлары олардың кәсіби білімінің төмендігімен, жұмыссыздықпен, ата-аналарда тұрақты еңбекақының болмағандығымен байланысты. Бұл өз кезегінде мұндай отбасылардың төмен табысына әкеледі. Аграрлық сектордағы бала еңбегіне баласын тартқан отбасылардың ішінде әкелерінің 22% мен шешелерінің 19% өздерін жұмыссыздар деп көрсеткен³. Отбасының 43%-ы өздеріне қажет тамақпен, киіммен, аяқ киіммен, ең қажет заттармен қамти алмайды, аса кедей, кедей топтарына жатады (Алматы облысында - 50%, ОҚО - 38%).

5-17 жас аралығындағы балаларды бала еңбегіне тартудың негізгі себебі – отбасының кедей тұруы және ақшаның жетіспеушілігі. Сауалнаманың нәтижесі бойынша балалар 56% жағдайда отбасының аса кедей болғанына байланысты жұмыс істесе, ал 30% жағдайда – өзінің қажеттілігін қанағаттандыра алмағандықтан (киім, аяқ киім, оқу құралдары, компьютер, ұялы телефон), ал қалған жағдайдың 14%-ы балалар бос уақытын қайда өткізетіндіктерін білмегендіктен, айналысатын басқа шаруасы жоқ болғандықтан.

Балалардың жұмыс істеуіне себеп мыналар⁴: отбасы ақшаға мұқтаж (балалардың 46%-ы), ата-аналардың талабы бойынша (9,2%), өзі үшін ақша табу (45%), тәжірибе жинау (5,8%), достарымен бірге жұмыс істеу (6,2%), айналысатын басқа шаруа болмағандықтан (2,4%). Ата-аналардың жауаптары да осы себептерді растайды.

³Ресми мәліметтер бойынша елімізде орташа алғанда 2011 жылдың 4 тоқсанында 5,4% жұмыссыздықпен салыстырғанда

⁴Балалар бірнеше себепті көрсете алады

Отбасының 72%-на баланың ақша табуы жанұя бюджеті үшін маңызды болып табылады. Ата-аналар балаларын еңбектенуге итермелейді, өйткені олар отбасына қажет табыспен қамтамасыз етеді. Осы арада ата-ананың 60%-ы өз балаларымен бірге көкөністе, мақтада, темекіде жұмыс істейді.

Ересектердің несиені алуына байланысты балалардың қызығушылығы зардап шегеді. Отбасының төмен табыс жағдайы отбасы алған несиені одан сайын ұлғая түсуі мүмкін. Мұндай жағдай көбінесе ОҚО-дағы отбасылары үшін тән. Егер Алматы аймағындағы отбасылар несиені отбасының ересек мүшелерінің жалақысынан төлесе, Оңтүстік Қазақстан облысындағы отбасылар балаларының мақтадан табысынан (отбасының 14%-ы) немесе мемлекет тарапынан бөлінетін балалар төлемақысынан, не болмаса басқа да әлеуметтік төлемдерден жабады (отбасының 32%-ы).

Бала еңбегінің қауіпті түрлері жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуді, насихаттауды ата-аналар арасында да, балалар арасында да жүргізу керек. Себебі көптеген жағдайларда жұмыс туралы шешімді балалардың өздері қабылдайды – 75,7%. Балалар үшін шешім қабылдаған ата-аналардың үлесі 20% құрайды. Досы (3,4%) немесе ата-анасы еңбек ететін жұмыс беруші (0,5%) кеңес берген жағдайлар сирек кездеседі.

Бала еңбегінің баламасы ретінде 14 жастан жоғары балаларға ҚР еңбек заңнамасын сақтауды қамтамасыз ететін еңбектің жеңіл түрлерін ұсыну керек және жастардың жұмыспен айналысуын қолдау қажет.

Бала еңбегінің ең нашар түрлерін жою және ескерту үшін ұсынылатын шаралар мыналардан тұрады:

- қоғамда «бала еңбегінің қауіпті түрлері» деген ұғымды қалыптастыру, ол баланың денсаулығына зиян келтіруі немесе оның білім алуына кедергі келтіруі мүмкін, отбасына жәрдемдесу үшін жұмыстың жеңіл түрлерінен тұратын «еңбекке баулу» және ұлттық пен халықаралық заңнама шеңберінде баланың еңбек қызметі, сонымен қатар өндірістік тәжірибе, кәсіби оқыту;
- кедей отбасы мәселесін шешу, оның ішінде үй шаруашылығына шартты әлеуметтік жәрдемақы төлемдері жүйесі арқылы;
- балаларды, сонымен қатар ата-аналарды бала еңбегінің салдарымен таныстыру, насихат жұмыстарын жүргізу;
- жұмыс берушілермен профилактикалық жұмыс жүргізу;
- әсіресе ауылдық жерлерде қосымша білім беруді, үйірмелерді, спорт секцияларын, аула клубтарын, кітапханаларды, спорт алаңдарын, балаларға арналған демалыс орындарын, жазғы лагерлерді белсенді түрде дамыту;
- мемлекеттік деңгейде бала еңбегін ұйымдастыруды реттеу, яғни 14 жастан жоғары балаларға ҚР еңбек заңнамасын сақтауды қамтамасыз ететін еңбектің жеңіл түрлерін ұсыну керек және жастардың жұмыспен айналысуын қолдау қажет;
- ауыл шаруашылығын механикаландыру (көкөніс пен мақта салаларын).

Негізгі ұғымдар

Бала (балалар) – он сегіз жасқа толмаған адам/адамдар (*«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы Заңы, баланың құқығы туралы БҰҰ конвенциясы*).

Бала еңбегі деген терминнің ресми анықтамасы жоқ, бірақ ХЕҰ Жұмысқа қабылдау кезіндегі ең аз жас мөлшері туралы №138 және бала еңбегінің ең нашар түрі туралы №182 Конвенцияларына сәйкес, 15 жастан төмен⁵ балалар жұмысқа алынбауы керек және оларға жұмыс істеуге болмайды. Сонымен қатар ХЕҰ №138 Конвенциясының 7 бабында 15 жасар және одан жоғары жастағы балалар айналысатын жұмыс түрлері келесідей болмауы тиіс: (а) психикалық, физикалық, әлеуметтік немесе рухани жағынан балалар үшін қауіп төндіруі немесе оларға зиян тигізуі мүмкін жұмыстың түрлері мен қызметтер және (б) ол балалардың мектепте білім алуына кедергі келтіреді, себебі олар оқуды уақытынан бұрын аяқтауға немесе мектептегі сабақты ауыр және ұзақ жұмыспен қатар атқаруға мәжбүр (*Жұмысқа қабылдау кезіндегі ең аз жас мөлшері туралы ХЕҰ-ның №138 Конвенциясы, бала еңбегінің ең нашар түрі туралы ХЕҰ-ның №182 Конвенциясы*).

Бала еңбегінің ең нашар түрлері – бұл: (i) құлдықтың немесе құлдыққа ұқсас тәжірибенің барлық түрлері, мысалы, балаларды сату және оларды саудалау, қарызбен байланысты тәуелділік пен басыбайлы тәуелділік, сонымен қатар ықтиярсыз немесе міндетті еңбек, сондай-ақ қарулы қақтығыстарда пайдалану мақсатында балаларды мәжбүрлеп немесе міндеттеп тарту; (ii) жезөкшелікпен айналысу, бейәдеп суреттерді шығару немесе бейәдеп көріністерге қатыстыру үшін балаларды пайдалану, тарту немесе ұсыну; (iii) халықаралық келісімшарттарға сәйкес анықталғандай, балалардың құқықтарына қайшы келетін әрекеттермен айналысу, әсіресе есірткіні өндіру мен сату кезінде пайдалану, тарту немесе ұсыну; (iv) жұмыстың түрі немесе оның орындалатын жағдайы баланың денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе адамгершілігіне зиян тигізуі мүмкін (*ХЕҰ-ның №182 Конвенциясы, бала еңбегінің ең нашар түрі туралы 3-бап*).

Жұмыстың қауіпті түрлері – ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен «Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін қолдануға тыйым салынған жұмыстардың тізімі, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды көтерудің, жылжытудың шекті мөлшері» бекітілген. Мысалы, Қазақстанда 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің еңбегін темекі мен мақта плантацияларында қолдануға тыйым салынған, пестицид пен гербицидті қолданатын барлық жұмыс түрлерімен айналысуға, түнгі клубтарда, кабаре, мейрамханаларда жұмыс істеуге тыйым салынған, шарап, спирт және ликер-арақ өнімдері мен сыра, темекі өнімдерін сату және сақтаумен байланысты жұмыстарға қабылдауға тыйым салынған. Сонымен қатар, ауыр затты көтеру, жылжытудың шекті мөлшері 16-18 жастағы ер адамдар үшін 16,4 кг артық емес, ал әйелдер үшін – 10,25 кг артық болмау керек деп бекітілген. (*Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2007 жылғы 31 шілдедегі №185-п бұйрығы*)

⁵ Кейбір мемлекеттерде бұл жас мөлшері 14 жас немесе 16 жас болуы мүмкін. Қазақстанда 14 жас деп белгіленген

Кіріспе

Осы зерттеу жұмысындағы бала еңбегінің ең нашар түрлері дегеніміз өзінің сипаты немесе атқарылуы жағынан баланың денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе адамгершілігіне зиян келтіретін жұмыстар (ХЕҰ №182 конвенциясы, б.3, «г» т.).

Қазақстан үкіметі ХЕҰ еңбекке тартудың ең аз жас шамасы туралы № 138 Конвенциясын (1973) және ХЕҰ бала еңбегінің ең нашар түрі туралы №182 конвенциясын (1999) бекітті, осылайша бала еңбегінің заңсыздығы мен оған жол бермеу керектігін мойындады. Алайда, 2005-2006 жылдардағы ахуалды алғашқы бағалау Қазақстанда бала еңбегі мәселесі бар екендігін дәлелдеді⁶.

Қазіргі таңда Қазақстанда бала еңбегі мәселесі бойынша мәліметтердің жетіспеушілігі орын алып отыр. Осыған байланысты ХЕҰ-ИПЕК Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде мақта, темекі және көкөніс өндіретін аймақтарда қалыптасқан жағдайлар туралы нақты ақпарат алу үшін 2011 жылдың тамыз айында «Қазақстанның аграрлық секторындағы бала еңбегі (Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында)» атты зерттеу жобасына ынтагерлік танытты.

Осы зерттеудің нәтижесі бойынша бала еңбегінің ең нашар түрлерінің алдын алу және жою үшін келешекте ХЕҰ-ИПЕК пилотты жоба жасамақ, бұл орайдағы негізгі мақсат - Оңтүстік Қазақстан (ОҚО) мен Алматы облыстарында (АО) жобаның әлеуетті бенефициарларды – көкөніс, темекі және мақтамен айналысатын 5 пен 17 жас аралығындағы балаларды анықтау. Сонымен қатар аграрлық секторда жұмыс істейтін балалары бар отбасын анықтау, балалармен олардың отбасының профилін жасау, Қазақстанда бала еңбегінің ең нашар түрлерінің алдын алу мен жою саясатын қалыптастыру үшін ұсыныстар жасау мақсат ретінде болып табылды.

⁶ АО мен ОҚО аграрлық саласының темекі және мақта салаларындағы бала еңбегі. Осы ахуалды зерттеу жөніндегі есеп, 2004 ж., 2006 ж. Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы (ЦИОМ), ХЕҰ-ИПЕК үшін дайындалған

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу әдістері мыналардан тұрды:

- ✓ Үй шаруашылығындағы 5-17 жас аралығындағы барлық бала санағы;
- ✓ Баласы жұмыс істейтін үй шаруашылығын тексеру: балалар мен олардың ата-анасынан сұхбат алу, бейнесін жасау;
- ✓ Фокус-топтық пікірталастар, қызығушылық танытқан тараптардан, жергілікті биліктен, ҰЕҰ, білім және денсаулық сақтау өкілдерінен, жұмыс берушілерден, қоғамның өкілдерден сұхбат алу;
- ✓ Тікелей бақылау жүргізу.

Зерттеу құралдарын жасау Базалық бағалау (SIMPOC) және Тез бағалау ХЕҰ-ИПЕК әдіснамалары негізінде жүзеге асырылды⁷. Сонымен қатар «Тұрарлық жұмыс орынға ие болуға апаратын оқиғалар тізбегінің маңызы» әдістемелік нұсқаулық негізінде Қазақстандағы көкөніс, мақта және темекі өндірісі саласындағы ахуалға шолу жасалды⁸.

Зерттеудің мақсатты топтары мыналардан тұрды:

- (a) көкөністе, мақтада және темекіде жұмыс істейтін 5-тен 17 жасқа дейінгі балалар – 206 бала;
- (b) жұмыс істейтін балалардың ата-анасы – 204 ересек адам;
- (c) жұмыс істейтін балалардың аға/әпкелері – 178 бала;
- (d) негізгі қатысушылар: жергілікті биліктің өкілдері, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқығын қорғау жөніндегі департаменті, ҰЕҰ, қоғамдық ұйымдар, білім беру және денсаулық сақтау өкілдері, жұмыс берушілер – 20 сұхбат.

1-кесте. Аймақтар бойынша үй шаруашылығы санағының нәтижелері

Бала еңбегі шоғырланған аудан (CLP)	Барлық ҰШ	соның ішінде үй шаруашылығы:					5-тен 17 жасқа дейінгі барлық бала	5-тен 17 жасқа дейінгі жұмыс істейтін балалар		
		5-17 жас-тағы балалармен	Балаларсыз	Бас тарту	Үйді тастап кеткен/ешкім тұрмайды	ҰШ құзырлы мүшесі жоқ		Анықталды	Сұрастырылды	% шаққандағы жауап
Ескелді	448	188	228	2	22	8	278	14	11	78,6
Еңбекшіқазақ	580	329	237	1	6	7	614	50	35	70,0
Қаратал	823	362	427	0	26	8	561	37	32	86,5
Талғар	530	292	222	1	1	14	500	35	23	65,7
Мақтаарал	413	282	107	5	6	13	716	148	51	34,5
Сарыағаш	396	225	127	5	3	36	521	58	30	51,7
Шардара	573	398	115	1	9	50	939	126	24	19,0
АО бойынша барлығы	2381	1171	1114	4	55	37	1953	136	101	74,3
ОҚО бойынша барлығы	1382	905	349	11	18	99	2176	332	105	31,6
Барлығы	3763	2076	1463	15	73	136	4129	468	206	44,0

⁷ ILO, SIMPOC [Module of essential questions on child labour for inclusion in household surveys](#); [National child labour survey interviewer's manual, September 2008](#); SIMPOC trainings modules, National Child Labourer Survey, June 2007; SIMPOC Manual on methodologies for data collection through surveys, 2004; V. Verma, IPEC, Sampling for household-based surveys of child labourer, 2004; SIMPOC, Manual on child labour Rapid assessment methodology, 2005

⁸ M.L.Herr Tapera, J. Muzira, Value Chain Development for Decent Work. A guide for development practitioners, government and private sector initiatives. ILO, 2009 http://www.ilo.org/empent/Publications/WCMS_116170/lang--en/index.htm

2-кесте. Зерттеудің мақсатты топтары

Облыс	Санақ бойынша анықталған жұмыс істейтін балалардың саны	Жауап алынған балалар	Жауап алынған ата-аналар*	Профиль бойынша жұмыс істемейтін аға мен әпке саны
Алматы	136	101	97	65
Оңтүстік Қазақстан	332	105	95	113
Барлығы	468	206	192	178

* қосымша 57 ата-ана ата-аналарға арналған сауалнама бойынша сұрастырылды, алайда балалар сауалнамаға жауап беруден бас тартты

Іріктеу

«Бала еңбегі шоғырланған ауданды» таңдау (Children Labor intensive pockets). Іріктеудің бірінші кезеңінде ақпараттың қосымша көздеріне (алдындағы әлеуметтік зерттеулер, әдебиеттерге шолу, кедей аудандар картасы) және жергілікті ҰЕҰ мен ҚР БҒМ балалардың құқығын қорғау департаментінің кеңесіне негізделі отырып БЕШУ (CLP) деп анықталатын 8 аудан таңдап алынды. ОҚО және Алматы облыстарының бұл аудандарында көкөніс, темекі немесе мақта өсетін алқаптар мен кедей халық шоғырланған аймақтар жатады.

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) өкілдерінен кеңес алған кезде зерттеу үшін 7 аудан анықталды: Еңбекшіқазақ, Қаратал, Ескелді, Талғар (Алматы облысы) және Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара аудандары (Оңтүстік Қазақстан облысы).

Елді мекенді таңдау - «Primary Sampling Units (PSUs) – елді мекеннің таңдап алынған территориялары». Белгіленген аудандарда бала еңбегінің шоғырлануы (CLP) қала, сондай-ақ ауылдық 57 елді мекені анықталды, осылардан үй шаруашылығы санағы үшін және бала еңбегі туралы (PSU) нақты ақпаратты жинау үшін территориялар құралды. Таңдаудың негізгі критерийлері: (1) аграрлық ауданға жатқызылуы, олардың маңайында көкөніс, темекі, мақта алқаптары орналасқан; (2) негізінде кедей және табысы аз халықтың өмір сүруі, (3) жұмыссыздар мен ауыл шаруашылығында өзінің күнкөрісі үшін еңбек етушілердің үлесі жоғары, (4) елді мекендегі халық саны 600 адамнан кем емес. Кейбір елді мекендер зерттеу үшін таңдап алынды, себебі алдыңғы әлеуметтік зерттеулер оларда бала еңбегі мәселесінің бар екендігін растап берді. PSU елді мекен аумағының соңғы тізімі жергілікті билік өкілдерімен, Балалардың құқығын қорғау департаментінің және ҰЕҰ өкілдерімен кеңесе отырып құрастырылды.

3-кесте. Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша таңдап алынған аудандар (CLP)

# CLP	Аудан аты	Аграрлық сектор
Алматы облысы		
1	Еңбекшіқазақ	Темекі, көкөніс (картоп, пияз, жүгері)
2	Ескелді	Көкөніс (қызылша, картоп, сарымсақ, пияз, соя, бидай)
3	Талғар	Көкөніс, жеміс (картоп, құлпынай алма, жүзім, жүгері)
4	Қаратал	Көкөніс (пияз, картоп, капуста, сарымсақ, пияз, сәбіз, соя, күріш, қарбыз, қауын)
Оңтүстік Қазақстан облысы		
5	Сарыағаш	Көкөніс (капуста, қызанақ, аскөк, болгар бұрышы, картоп, сәбіз, пияз, жүзім)
6	Мақтаарал	Мақта
7	Шардара	Мақта

Бала еңбегі шоғырланған әрбір ауданда (CLP) үй шаруашылығы санағын 100% жүргізу үшін және балалар мен ата-аналарды тексеру үшін 3-5 елді мекен таңдап алынды

(Қосымша. А-кестесі). Елді мекенді таңдау Алматы облысында әрбір CLP *кездейсоқ іріктеу* тәсілі арқылы және Оңтүстік Қазақстан облысында *мақсатты іріктеу* тәсілімен (кездейсоқ емес іріктеу) жүргізілді.

Содан кейін елді мекендерден барлық үй шаруашылығының 100% санағын жүргізу үшін жергілікті территориялар таңдап алынды. Территорияны таңдап алу үшін үш тәсіл қолданылды: (a) PSU елді мекенінде зерттеушілер жұмыс істейтін балалары бар кедей отбасының шоғыры туралы жергілікті қоғамдастықтың мәліметтерін қолданды; (b) елді мекеннің шетінде орналасқан алқаптардың маңайындағы үй шаруашылығы бар аумақ таңдап алынды, (c) зерттеушілер алқаптан қайтып келе жатқан балаларды көрген жағдайда, олардың қайда тұратындықтарын анықтады. Зерттеу жұмыстары осы аумақтардан басталды.

1-тарау. Көкөніс, мақта, темекі өсіретін аграрлы секторлардағы ахуалға шолу

1.1 Мақта саласындағы жағдайға шолу

Қазақстанда мақта оңтүстік өңірлерде өсіріледі: Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара мен Ордабасы аудандарында, Түркістан, Шымкент, Арыс өңірлерінде, Бәйдібек, Отырар және Сайрам аудандарында. Мақта өсірудің негізгі аумақтары Мақтаарал ауданында орналасқан, оның үлесіне облыстың 65-тен 75% мақта егістігі жатады.⁹

Мақта өндірісінде негізінен қол еңбегі қолданылады. Өсімдік шыққаннан кейін қажет етілетін жиілікке жету мақсатында қолмен оталады. Егістіктегі арам шөптерді отау, сондай-ақ қолмен жүргізіледі. Қыркүйек айында мақта түптерінде дәндер – құрақтар – пайда болады. Көлемі апельсин сияқты, әр түпте 12-15 қорапшадан болады. Бұл мақта түптеріндегі қорапшалар бір уақытта пісіп жетілмейтіндіктен, оған бірнеше рет қайта айналып келуге тура келеді. Мақта қорапшасы ашылған бетте бірден жинай қойса, мақтаның сұрыпы да жоғары болып, бағасы да қымбат болады. Егер ол мақтаны сол күні жинап алмаса, ол жерге түсіп, оның сұрыпы мен бағасы да төмен болады. Мақтаны қолмен де, арнайы мақта жинайтын машинамен де жинауға болады. Қолмен жинағанда мақта комбайнға қарағанда тиянақты жиналады. Комбайнмен жиналған күннің өзінде мақтаның үзіктері жерге түсіп қалады, сондықтан оны бәрібір қолмен жинауға тура келеді.

Мақтаны қабылдау мен қайта өндіру жүйесі. Мақта өндіретін зауыттар арасында фермерлерден мақта сатып алудың монополиялық жүйесі бұрыннан қалыптасқан. Мақта егумен жеке фермерлер мен жерлері бар шаруа қожалықтары айналысады – 60 мыңнан астам фермерлер. Олар шикі, аршылмаған мақта өсіріп жинайды. Жиналған мақтаны мақта қабылдайтын тораптардағы делдалдарға тапсырады. Мақта жинайтындар мен мақта өндіруші кәсіпорындардың арасындағы делдалдардың бір топ желілері (мақта қабылдайтын тораптар) бар. Әдетте делдалдар фермерлерден мақтаны төменгі сұрыпты етіп, төмен бағамен алады¹⁰. Әлеуметтік зерттеу мен егістік иелерімен сұхбат жүргізу нәтижелері бойынша 2011 жылы олар мақтаны мақта қабылдайтын тораптардағы делдалдарға 1кг үшін 100-120 тг. тапсырған немесе 1 тоннасын 750 долларға өткізген, алайда мақтаның биржалық бағасы 2010 жылы бір тоннасы үшін 4700 доллардан астам болатын. Орталықтандырылған сатып алуды өндіру үшін мемлекет тарапынан «Продкорпорация» АҚ құрылған болатын. Олар мақта өндіруші фермер-қожайындардан аршылмаған мақта сатып алумен айналысады.

Балалардың денсаулығына қауіпті жағдайлар. Мақта егістіктеріндегі жұмыстардың қолайсыз жағдайларын ескере отырып, мақта егістіктерінде бала еңбегін қолдануға, он сегіз жасқа толмағандарды жұмысқа тартуға тыйым салынатын ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыстар тізіміне енгізілді.

Айта кететін болсақ, мақта өсіру балалар денсаулығына қауіпті және ауыр еңбек түрі болып табылады. Мақта өсіруде көптеген пестицидтер, инсектицидтер, гербицидтер, фунгицидтер және басқа да улы заттар қолданылады¹¹. Тыңайтқыштарды қолдану

⁹ 2007-2015 жж. арналған Оңтүстік арнайы экономикалық аймағының даму бағдарламасы. Дерек көзі:

<http://ru.government.kz/docs/p060895~2.htm>. Сохранено 25.11.2011

¹⁰ Өткен жылы ОҚО мақта жинаушыларынан сатып алынған өнімнің 75% төртінші сұрып болып анықталды. Алайда қазақстандық мақтаны сатып алған Латвияға осы сұрыптың кем дегенде 15% жоғары сұрып пен бағаға қарағанда жақсы сатылды. Дерек көзі: <http://articles.gazeta.kz/art.asp?aid=59717>

¹¹ Қосылған азот дозасы әдетте 100-200 кг/га, фосфордың 100-175 ал калийдің 100-125 кг/га құрайды

егістікте жұмыс істейтін жұмыскерлердің денсаулығына зиянды болуы ықтимал. Мақта жинаудағы күнделікті жұмыс уақыты (әдетте тәулігіне 12-13 сағат) ҚР Еңбек туралы Заңы бойынша нормадан асып тұр. Егістік алқабында жұмыс істейтін адамдардың көбіне бастарынан күн өтеді, жыландар мен жәндіктер шағып алу қаупі болады. Мақтаның тікенекті түптері қол терісін жарақаттауы мүмкін.

Мақта өндірісінде балалар еңбегін пайдалануға тыйым салатын ҚР заңына қарамастан, зерттеу нәтижелері бойынша балалар мақта жұмыстарының бәріне тартылған. Атап айтсақ: түптеу, құрттарды жинау, мақта мен мақта бұталарын жинау, өскіндердің ұштарын қармалау. Егістікті жинау балалардың қол еңбегін пайдалану арқылы жүргізіледі. Мақтаарал мен Шардара аудандарында 5-17 жас аралығындағы балалардың арасында зерттеу жұмыстары көрсеткендей, сауалнама алынған балалардың 100% мақта жинау жұмыстарына жұмылдырылған.

Мақта жинау жұмысына балаларды жалдау сызбасы. Мақтаны қолмен жинау көп адамды және қысқа ғана уақытты талап етеді. Мақтаны өте тез уақытта жинап шығу керек, өйткені оның сұрыптылығы төмендеуі мүмкін. Сондықтан бұл мақта алқабында жұмыс істеуге жалдану схемасымен тығыз байланысты. ФТП пен сұхбат жүргізу нәтижелері бойынша жергілікті тұрғындар мен жұмыс берушілер мақта алқаптарында балаларды жалдаудың мынадай схемасын айтып берді.

Егер де отбасының өзінің мақта өсіретін жеке меншік жері (2-3 гектардан аспайтын, Шардара мен Мақтаарал аудандары) болса, ол отбасы ақылы негізде бөгде адамдарды жұмысқа алмайды. Олар өз күштерімен учаскелерінде жұмыс істей береді. Мақта жинауға барлық отбасы мүшелері жұмылдырылады, балалары да, туған-туысқандары мен олардың балалары да жұмыс істейді. Мақтадан түскен табысты отбасының қажетіне, тамақ алуға, жалпы тұтынатын нәрселер алуға жұмсайды.

Кейде жер иесі өздерінің көршілерін және оның балаларын мақта жинасуға ақылы түрде көмектесуге шақырады. Егер егістік алыс орналаспаса, жалданған жұмысшылар жаяу барады. Олар өз балаларының үйден алыс емес, көршінің қарамағында жұмыс істеп жатқандығына сенеді.

Егер мақта егінжайы елді мекеннен өте алыс орналасса немесе жергілікті тұрғындардан адам жетіспесе, жұмыс беруші (мақта алқабының иесі) делдалдарға жүгінеді. Делдалдар көлікпен *бірнеше елді мекендерді* аралап, өздерінің туыстары арқылы үлкен-кішілерді, көрші-қолаң, таныстарды жинайды. Ақпарат ауыздан ауызға тарайды. Делдалдарға ақша тапқысы келетіндер келеді. Делдал жұмыс беруші тарапынан жалақы жөнінде келіссөз жүргізеді және жұмысқа шығатын уақытты белгілейді. Көп жағдайда ата-аналар өздерімен бірге балаларын да қоса алып, бірге жұмыс істейді. Адамдарды жинау делдалдың міндетіне жатады, өз көлігімен жұмысшыларды егістікке әкеліп, кешке үйлеріне алып барады. Жұмыс беруші делдалдың осы міндеттері үшін оған күніне 8000 теңге (55 доллар) көлемінде төлейді.

Кейбір жұмыс берушілер жергілікті тұрғындармен жұмыс жасамайды, олар толық науқанға тек мигранттарды ғана алады. Басқа елдерден келген мигранттар мақта жинау жұмысына тек делдалдар арқылы ғана тартылады. Делдалдар Өзбекстан мен Қырғызстанға барып, сондағы отбасылармен мақта алқабында бір науқанға (қыркүйек-қазан айының басы) жұмыс жөнінде келіссөз жүргізіп, отбасыларды шекарадан өткізіп, жұмыс берушімен таныстырады. Әдетте мұндай отбасылар 2-3 ересек адамнан және 1 баладан тұрады. Кеден қызметімен, шекарашылармен, жергілікті әкімшілік пен полициямен туындайтын мәселелерді пара мен бейресми төлемдер арқылы шешу

делдалдың міндетіне кіреді. Делдалдың өзі бір отбасы үшін бір науқанда 70000 теңге алады.

Балалар мақта жинау науқанына бірнеше себептермен тартылады. Әдетте отбасыдағы ересектер жақын маңдағы қалаларға табыс табу үшін кетеді де, балалары үйде қалады. Ауылда ересектер саны азаяды, ал балалар көп. Енді мақта жинау үшін жұмыс қолы көп керек болғандықтан, жұмыс берушілер жұмысқа балаларды тартуға мәжбүр болады. Екіншіден, ересек адамдар үшін мақтадағы төлем аз, мардымсыз, онымен қоса, жұмыс берушілердің пікірінше, ересектер балалардан гөрі жалқаулау, мақтаны баяу жинайды немесе мақтада мүлдем жұмыс жасағылары келмейді, *ал балалар мақтаны шапшаң жинайды, епті, икемді келеді. Олар мақта жинауды ойын іспеттес көреді*¹².

1.2 Темекі саласындағы жағдайға шолу

Зерттеу көрсеткендей, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында соңғы жылдары темекі өсіру қысқартылып келе жатыр. Бұрын темекі өсірумен айналысатын көптеген елді мекендер қазір мал өсірумен, не болмаса көкөніс өсірумен айналысып жүр. Темекі өсіруді жалғастырып жатқан елді мекендердің саны айтарлықтай азайып кеткен. Аудандағы зерттеуге қатысқан тек үш ауылы ғана темекі өсірумен айналысып жатыр.

Еңбекшіқазақ ауданындағы жер қожайындары (темекі өсірушілер) өздерінің шағын жер телімдерінде темекі өсірумен айналысады. Олар темекі өнімдерін өткізу жөнінде Филипп Моррис компаниясымен ресми келісімшартқа отырып, өнімдерін сол компанияға өткізеді.

Мен «Филипп Моррис» компаниясымен келісімшартқа отырдым. Егер барлығы келісімшартқа сәйкес болса, олар менен барлық өнімді сатып алады. Ең басты шарт – 18 жасқа дейінгі балаларды жұмысқа алмау болып табылады. (Жұмыс беруші, темекі егістігінің иесімен сұхбат, АО)



Темекі өсіру өз алдына қиын үрдіс. Жұмыстың барлық түрлері қолмен атқарылады. Жылыжайдан алынған көшеттерді жерге отырғызу жұмыстары қолмен атқарылуы тиіс, өйткені темекі өскінінің тамырының сәл зақымдануы, оның өлуіне әкеліп соғады. Өнімді жинау тек қолмен ғана жүргізіледі. Темекі жапырағы біртіндеп төменнен жоғары қарай көктейді, сондықтан темекі жапырақтарын жинау үздіксіз жүргізіліп отырылады. Содан кейін кептіру жұмыстары басталады, өйткені жаңа жиналған темекі жапырақтары тауар болып саналмайды.

Темекі жапырақтарын қолмен сұрыптайды, байлайды және арнайы құрылғыларға іліп қояды.

Балалар еңбегін темекі өсіруде пайдалану мәселесі – Қазақстан қоғамында жасырын болуында. Қазақстанның темекі алқаптарында балалар еңбегін пайдалануға тыйым салынуына қарамастан, 2010 жылы «Human Rights Watch» ұйымы Малыбай ауылына жақын жатқан алқапта 18 жасқа толмаған балалардың жұмыс істеп жүрген 72 оқиғасын тіркеген болатын¹³.

Соңғы уақытта «Филипп Моррис» темекі компаниясының жұмыскерлері темекі саласында балалар еңбегін жою мен шектеу жөнінде айтарлықтай күштерін салуда және осы бағытта

¹² Оңтүстік Қазақстандағы ата-аналармен жұмыс берушілердің пікірі бойынша

¹³ «Human Rights Watch» ұйымы, 2010, www.hrw.org

үздіксіз тексеріс жүргізіп отырады. Балаларды темекі жұмыстарына салатын темекі өндірушілермен компания келісімшарттарын бұзады. Зерттеу көрсеткендей, балалар мен олардың ата-аналары санкциядан, айыппұлдан қорыққандықтан, балалары темекіде жұмыс істейтінін жасырады. Сондықтан да балалар темекімен егістікте емес, байлаумен, темекі жапырақтарын кептірумен үй ауласында айналысуы мүмкін. Осы мақсатты топты анықтау және зерттеу өте қиын болды.

Балалар денсаулығына келтірілетін қауіптер. 18 жасқа дейінгі балалардың еңбегін темекі плантацияларында қолдану ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін қолдануға тыйым салынатын жұмыс тізіміне енгізілген.

Темекімен еріксіз жұмыс істейтін балалар жиі ауырады, туғаннан бастап тыныс алу жетіспеушілігімен зардап шегеді, демікпемен жиі ауырады.¹⁴ Суретте көріп отырғанымыздай, баланың қолы темекі жапырақтарын жинағаннан кейін шайыр басып кеткен, бұл кезде адамның ағзасына никотиннің көп мөлшері сіңеді.

Бала денсаулығына нұқсан келу қаупі темекімен тікелей жұмыс істеумен қатар, баланың темекінің қасында жүруінің өзі денсаулыққа зиян. Темекімен жұмысты бақылаған кезде, темекі кептіретін үйлердің айналасындағы ауада темекінің аңқыған иісі тұрады. Бұл жердегі отбасының балалары темекімен жұмыс істемесе де, осы қауіпті ауаны олар жұтуға мәжбүр болады. Аулада күнделікті жүргенде, олар өз денсаулықтарына айтарлықтай зиян келтіреді.

1-сурет. Темекідегі балалар.



Дерек көзі: <http://daupic.ru>¹⁵

Балаларды темекі алқаптарында жұмыс істеуге жалдау схемасы. Халықаралық қорғау ұйымдарының, қазақстандық ҰЕҰ мен Филип Моррис компаниясының арқасында жұмыс берушілер 18 жасқа дейінгі балаларды қазіргі уақытта темекі алқаптарында жұмысқа жалдап жүрген жоқ.

Алайда балалар өз отбасына жататын алқаптарда жұмыс істеулеріне болады. Әдетте ата-аналар өздерінің шағын жер телімдерінде темекі өсіреді, ал балалары оларды үйде сұрыптайды, байлайды, кептіреді. Балалар өз ата-аналарына кей жағдайда көмектесуге мәжбүр, зерттеу

«Филип Морриспен келісімшартынан кейін мен жергілікті тұрғындарды жұмысқа алудан мүлдем бас тарттым. Мен оларға жұмысқа өз балаларын жұмысқа алмаңдар деп қалай айта аламын?! Әрине, бұл балалар аз қамтылған отбасынан шыққандығы түсінікті, оларға ақша табу өте маңызды. Ал маған Филип Морриспен түсініспеушілік керек емес. Сондықтан да мен тек Қырғызстаннан келген мигранттарды жұмысқа аламын. Ал оларға мен жұмысқа балаларын алмасын деп шарт қоямын. Жұмыс істегісі келгендердің өздері келіп, жұмысқа алуын сұрайды» (жұмыс беруші,АО)

¹⁴ Сандж зерттеу орталығы, Еуразия Қоры, «Еңбекшіқазақ ауданы тұрғындарының мұқтаждығын бағалау» есеп, 2004

¹⁵ «Темекі плантациялардағы балалар», «Human Rights Watch» Ұйымы, 2010 ж, <http://daypic.ru>

көрсеткендей, олар темекімен үйде көп жұмыс істейді. Балалардан сауалнама алу нәтижелері бойынша, олар 12 жастан бастап жұмыстың барлық түріне араласуы мүмкін, атап айтсақ: егу, суару, отау, сындыру, сұрыптау, байлау және темекіні баспақтау.

1.3 Көкөніс өнімдерін өндіру жағдайына шолу

Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары Қазақстанның көкөніспен қамтамасыз ететін негізгі облыстары болып табылады¹⁶, бұларда 355 астам шаруа қожалықтары, 335 жылыжайлар, 41 көкөніс сақтайтын орындар, 11 жеміс-жидекті және 43 картопты сақтайтын орындар бар, бүгінгі таңда тағы 144 жылыжайдың құрылысы жүріп жатыр.

Алматы облысында төрт аудан көкөніс өсірумен айналысады: Еңбекшіқазақ, Талғар, Қарасай және Іле аудандары, бұл аудандарда пияз, қырыққабат, картоп, жүгері, құлпынай, қызанақ, қияр, сәбіз, жүзім өсіріледі. Ал Оңтүстік Қазақстан облысында картоп, пияз, құлпынай, қырыққабат, қызанақ, аскөк, болгар бұрышы, сәбіз, жүзім, қарбыз, қауын, жүгері өсіріледі.

Зерттеу нәтижелері бойынша көкөністерді мыналар өсіреді: ірі фермер қожалықтары, шағын фермер қожалықтары мен жерге ие отбасы кәсіпорындары. Ірі қожалықтар өздерінің көкөніс сақтайтын жерлері мен сату көздеріне ие. Шағын фермер қожалықтары өз өнімдерін көтерме бағамен алатын фирма-делдалдарға өткізеді. Көкөністің шағын көлемін өндіретін отбасылық кәсіпорындар әдетте жақын қалаларға барып, өз өнімдерін базарда сатады немесе сату үшін өзінің таныстары мен туыстарына өткізеді.

«Көкөністерді Астана, Алматы, Петропавловск секілді басқа аймақтардағы бизнесмендер алып кетеді. Алдын ала шаруалармен келісімшартқа отырып, алдын ала төлем жасайды. Жүзім жергілікті шарап цехтарында және «Бахус» арақ-шарап зауытында қолданылады. Тиімді бағамен сатушылар көкөністі алып кетеді, ал қалған өнімді өзіміз сатамыз. (егістік иелері, ОҚО)»

Фермерлердің негізгі мәселесі – өнімді өткізу: өнімді өткізу нарығы мен көкөніс сақтайтын қоймалардың жоқтығы. ЖЖМ-ға бағаның қымбаттығы, көкөніс өнімдерін тасымалдауға арналған автокөліктердің тапшылығы ауыл тұрғындарына базарға өнімдерді жеткізуге қиындық туғызады. Көкөністі сатып алу жүйесі ірі көтерме саудагерлер мен делдалдармен жаулап алынған. Бұл фирмалар фермерлерге ауыл шаруашылығы өнімінің сатып алу бағасын реттеп отырады. Сондықтан да негізгі табыс делдал фирмаларға тиесілі, ал фермерлер болса өз өнімдерін өте төмен бағаға өткізеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Үкіметі тарапынан ауылдық тұтынушы кооперативтер мен сервисті дайындап беруші орталықтарын құру жөнінде бағдарлама жүзеге асырылуда. 2011-2012 жылдарға мемлекет «КазАгроФинанс» қаржыландыруымен Алматы облысында 2 көкөніс сақтайтын қойманы, Оңтүстік Қазақстанда – 3, басқа облыстарда – 5 қойманы іске қосуды жоспарлап отыр¹⁷. Сөйтіп Қазақстанның ірі қалаларының айналасында азық-түлік белдеуі құрылады.

Бала еңбегі көкөністерді егуде, отауда және жинауда пайдалану сонау кеңес уақытынан келе жатыр. Алайда көкөністегі балалар еңбегінің барлық түрлері еңбектің ең ауыр түрлеріне жатпайды. Әрине, көкөніс алқаптарындағы жұмыс балалар денсаулығына зиян тигізеді. Денсаулыққа және еңбектің жағымсыз жағдайларына мыналар жатады: ыстық ауа райы, күннің көзі, таза ауыз суының, тынығатын және тамақтанатын орынның

¹⁶ Статистика жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігінің деректері бойынша 2010 жылы Алматы облысында көкөністі себуге арналған аудан 26,1 мың га құраса, Оңтүстік Қазақстан облысында 29,8 мың га. 2010 жылы өнімді жинау Алматы облысында – 656,7 мың тонна, Оңтүстік Қазақстан облысында 642,8 мың тонна.

http://www.stat.kz/digital/selskoe_hoz/Pages/default.aspx

¹⁷ «Оңтүстік» арнайы экономикалық зонаның даму жоспары. Дерек көзі: www.spk-ontustik.kz

болмауы, кесетін құралдармен жұмыс істеу, ауыр заттарды көтеру, жәндіктер мен жыланның шағып алуы, тыңайтқыштарды қолдану.

Көкөніс алқаптарында жұмыс істеу кезінде балалар денсаулығына келетін қауіптер. Көкөніс алқаптарында жасы 18-ге толмаған балалар еңбегін пайдалану ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығымен бекітілген он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынған жұмыстар тізіміне жатпайды.

14 жастан бастап балалар, ата-аналарының рұқсатымен, жұмыс уақытының нормасын сақтай отырып, көкөніс алқаптарында жұмыс істей алады. Алайда, егер бала 14 жасқа толмаса немесе оның жұмысы ауыр затты көтерумен байланысты болса, онда бұл жұмыстың түрлерін бала еңбегі деп белгілеу керек. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығы ауыр заттарды көтеру мен тасудың шектеулі нормасын бекітеді: 16-18 жастағы ер балалар үшін 16,4 кг көп емес, ал қыз балалар үшін 10,25 кг артық болмау керек.

Алайда, көкөніс алқабында жұмыс істейтін балалардың денсаулығына зиян келуі мүмкін. Мысалы, көкөніс алқабында жұмыс істейтін балаларда көкөністі өсіру кезінде қолданылатын органикалық және химиялық тыңайтқыштан, яғни азот, фосфор, калий, және басқа да пестицидтерден аллергия болуы мүмкін¹⁸. Балалар пестицидтермен ластанған жерді ұстауы мүмкін, ластанған қолдары арқылы өз ағзаларына улы заттарды қабылдайды. Қолғап, маска түріндегі қорғаныс заттары, жұмыс орнында судың болуы осы жайсыз жағдайлардың әсерін азайтады.

Көкөністе жұмыс істеу үшін балаларды жалдау схемасы. Құлпынаймен, кырыққабатпен, қартоппен, жүзіммен, алмамен жұмыс істеген балалар алқапты/бақшаны түптеп, өнімді жинаумен айналысады. Ал жүгерімен үйде айналысады, яғни оны тазалап, сұрыптайды. Сондықтан да балалар алқапта да, үйдің ауласында да жұмыс істей алады. Көкөніс алқаптарына балаларды жалдау әдетте туысқандары, таныстары, көршілері арқылы жүзеге асады. Жалдау туралы ақпаратты бір-бірінен естиді, көршілері айтады. Кейбір балалар өз отбасына немесе жақын туыстарына тиесілі көкөніс алқаптарында жұмыс істейді. Бұл Алматы облысының Қаратал мен Ескелді аудандарында кең тараған жағдай. Көбінесе жергілікті тұрғындар отбасымен бірлесіп жұмыс істейді. Сондықтан да жұмыс берушілер жұмысшыларды өздерінің туыстары арасынан табады.

“Негізінен, бізде отбасылық кәсіпорын. Туысқандарымыз көп. Барлығына жұмыс табылады. Кейбіреуі мигранттарды жалдайды, бірақ биыл мигранттарды, ересектер мен балаларды көрген жоқпын. Делдалдар туралы естіген емеспін. (жұмыс беруші, АО)

Жергілікті тұрғындардың жұмысшы іздеу жүйесі жақсы қалыптасқан. Жыл сайын егістік иесіне сол бір отбасылар ғана жалданып жұмыс істей береді. Тағы бір тәсілі – туысқандары мен таныстары арқылы жұмыс іздестіру. Әдетте ауылдық жерлерде адамдар бір-біріне туыс болып келеді, ауқымды жұмыс кезінде «Асар» жасайды, яғни бір-біріне бір үлкен іс тындыруға көмектеседі (жұмыс беруші, ОҚО).

Егер алқап елді мекеннен қашық орналасса, жер иелері жергілікті тұрғындар арасынан өздеріне жұмыскерлерді табады, себебі олар бір-бірін жақсы таниды, кім жұмыссыз, кімге ақша керек, кім көп балалы отбасынан екендігін олар біледі. Олар сондай адамдарға барып, жұмыс ұсынады. Басқа жағынан, жұмыс ісдеп жүрген адамдар өздерінің таныстарын, жер иелерін өздеріне

¹⁸ Фермерлер калий хлорын, аммоний сульфатын, аммиак селитрасын, карбамидті, аммофосты, гербицидті, супрефосты, құрамында фосфат бар азотты, түйіршіктелген фосфогипсті, натрий триполифосфатын және басқа пестицидтерді жиі қолданады

жұмыс керектігі туралы ескертіп қояды. Жергілікті тұрғындар көкөністі жинау кезінде елге жақын орналасқан алқап иесіне көмек керектігін біледі. Бұл жағдайда «өсек радиосы» жұмыс істейді. Адамдар ауылдасына, яғни жер иесіне келіп онымен жұмыс істеу туралы келіседі. Олар балаларымен бірігіп жұмыс істейді немесе жұмысқа тек балаларын ғана жібереді. Алқап жақын маңда орналасқандықтан, балалар оған жаяу барады. Адамдар көптеген елдерде қандай да бір делдалдар туралы естімепті.

Егер алқап қашық орналасса, онда жалдау жұмыстары жақын маңдағы елдің делдалдары арқылы жүреді. Делдалдар жақын елді мекендерге өз көлігімен (автомобиль, микроавтобус) барып, адамдарды жұмысқа шақырады. «Делдалдар көмегімен мен өзіме жұмыскерлерді табамын, делдалдардың өздері көлікпен адамдарды алып келеді. Оларға мен 8000 теңгеден беремін» (жұмыс берушінің сұхбаты, ОҚО). Сарыағаш ауданында 2-3 биржа нүктелері бар, онда алқапта жалданып жұмыс істеуге адамдар жиналады. Алқап иесі немесе делдалдар машинамен немесе микроавтобуспен келіп, оларды алқаптарға апарады. Күніне оларға жұмыс істегені үшін 1500 теңге төлейді. Кедей отбасылар биржаға келіп, өз балаларымен бірге жұмысқа жалданады¹⁹.

Егістік иелері сондай-ақ көршілес мемлекеттерден (Өзбекстан мен Қырғызстан) мигранттарды белсенді тартады. Бұл адамдарға жұмыс беруші жергілікті тұрғындармен салыстырғанда аз төлейді. Әдетте мигранттар бала-шағасымен келіп бір науқанда барлығы бірге жұмыс істейді. Дәл осы схема мақта егістігінде мигранттарды жалдау кезінде қолданылады.

Мен әдетте жұмысқа мигранттарды аламын – бұл арзан жұмыс күші болып табылады. Өзбекстаннан жұмысқа қабылдаймыз. Мигрант құжаттарын рәсімдеу кезінде қиындықтар туындайды. Жергілікті тұрғындар да жұмыс ісетиді, бірақ олар үшін бұл табыс аз болып көрінеді (жұмыс беруші, ОҚО)

¹⁹ ОҚО жергілікті тұрғындарынан алынған сұхбаттағы деректер

2-тарау. Аграрлық сектордағы бала еңбегі

2.1 Балаларды еңбекке тарту: бала еңбегін шоғырландыру аймағындағы үй шаруашылығы санағының нәтижелері

Үй шаруашылығын аралаудың нәтижесі бойынша Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы 29 елді мекеннің (PSU) 3876 үй шаруашылығы тексерілді. Санақ (үй шаруашылықтармен қысқаша сауалнама жүргізу) нәтижелері бойынша 5 пен 17 жас аралығындағы балалары бар 58,7% үй шаруашылығы анықталды (Алматы облысында – 51,2%, ал ОҚО 72,2% үй шаруашылығы), мұнда 4129 бала тұрып жатыр.

Санақ нәтижесі бойынша 5-17 жастағы балалар ақылы және ақысыз түрде әртүрлі жұмыс түрлерін атқарады²⁰. Балалардың 60% астамы өткен аптада 1 сағат немесе соңғы екі айда күніне 1 сағат үй және басқа жұмыс түрлерін атқарған. 5-17 жастағы балалар темекіде (0,2%), көкөністе (4,9%) немесе мақтада (6,7%) соңғы 2 айда күніне 1 сағат жұмыс істеген немесе көмектескен болып отыр. Бала еңбегіне, яғни көкөніс, мақта және темекі жұмыстарына тартылған 5-17 жастағы балалардың мақсатты тобын анықтау кезінде зерттеушілер ХЕҰ әдіснамасын басшылыққа алды²¹.

4-кесте. Балалар тартылған жұмыстың түрлері (санаққа қатысқан барлық балалар), % шаққанда

Жұмыс түрлері	Жас шамасы			Баланың жынысы		Барлығы N=4129
	5-11 жас N=2371	12-14 жас N=952	15-17 жас N=806	Ұл бала N=2130	Қыз бала N=1999	
Үй шаруасымен айналыстым* (үй жинау, кір жуу, тамақ әзірлеу)	52,3	80,0	77,3	50,7	77,3	63,6
Жұмыстың басқа түрлерімен шұғылдандым **, атап айтқанда:	45,7	79,7	81,9	68,3	52,4	60,6
Өзімнің үй жанындағы учаскеде/бақшада жұмыс істедім**	20,9	40,7	44,3	38,8	20,7	30,0
Кіші інім/сіңліме қарайластым *	23,6	34,6	31,5	23,8	31,8	27,7
Үй шаруашылығындағы малға қарадым, өз малын бағады **	12,9	33,7	35,6	33,8	9,8	22,2
Ата-анама көмектестім немесе мақта алқабында жұмыс істедім немесе үйде **	2,1	12,4	13,5	7,2	6,2	6,7
Ата-анама көмектестім немесе көкөніс алқабында жұмыс істедім немесе үйде **	1,7	6,6	12,5	6,1	3,8	4,9
Өзім сауда жасадым немесе ата-анаммен бірге**	0,2	0,6	1,0	0,6	0,3	0,5
Басқа адамдардың малын бақтым **	0,2	0,4	0,1	0,2	0,3	0,2
Ата-анама көмектестім немесе өзі темекі алқабында жұмыс істедім немесе үйде **	-	0,5	0,6	0,4	0,1	0,2
Үшінші жаққа ақылы немесе ақысыз үй жұмысын атқардым**	-	0,1	0,4	0,1	0,1	0,1
Ақылы немесе ақысыз түрде басқа жұмыстармен айналыстым**	1,6	1,9	2,2	2,1	1,5	1,8

*өткен аптада ең болмаса бір сағат, **соңғы екі айда ең болмаса 1 сағат күніне

Дерек көзі: барлық 5-17 жастағы балалар санағы

²⁰ Үй шаруашылығы санағы бойынша элеуметтік зерттеуден алынған деректер деректерді таратуға шектеу қойылған, себебі зерттеуде іріктеудің мақсатты детерминациялау тәсілі қолданған

²¹ Халықаралық бала еңбегі туралы №18 резолюциясы (18th ICLS resolution)


Көбінесе қыздар үй шаруасымен (кір жуу, киім үтіктеу, үй жинау, тамақ әзірлеу, ыдыс жуу) айналысады, сонымен қатар отбасындағы жасы кіші балаларға қарайласады. Ұлдар бақшада жұмыс істеп, мал бағады.

Жас шамасы бойынша 12-17 жастағы балалар қандай да бір жұмыс түрімен айналысады (80-82%). 12-14 жастағы балалардың көбісі үй жұмысымен айналысады, жасы кіші бауырларына қарайласады, ал 15-17 жастағы балалар ата-аналарына ауыр жұмыстарды атқаруға көмектеседі: өздерінің малын бағады, малға қарайды, бақшада жұмыс істейді. Алайда кейде ата-аналар 6-11 жастағы балаларды да жұмысқа тартады. Зерттеу нәтижесі бойынша бес жастағы балалар ешқандай жұмысқа тартылмаған.

5-тен 17 жасқа дейінгі мақсатты топтың бар-жоғы 468 баласы анықталды (осы жастағы барлық баланың 11,3%-ы), олар соңғы екі айда ата-аналарына көмектесті немесе өздері темекіде, мақтада, көкөністе аптасына ең болмағанда 1 сағат жұмыс істеген. Сонымен қатар санақ арқылы жұмыс істейтін балалардың 314 аға, әпкелері анықталды.

Бала еңбегін шоғырландыру аумағын аудандық зерттеу бойынша мақсатты топтың көптеген баласы Мақтаарал (148 бала) және Шардара (126 бала) аудандарында анықталды, бұл аудандарда мақта өсіріледі, барлық анықталған балалар мақта жинаумен айналысқан екен.

1-диаграмма. Аграрлық секторында бала еңбегіне тартылған 5-17 жастағы балалардың анықталған саны, аудан бойынша



Дерек көзі: Барлық 5-17 жастағы балалар санағы

2.2 Балаларды еңбекке тарту: мақсатты топ балаларына сауалнама жүргізу нәтижелері

Сауалнама жүргізудің нәтижесі бойынша – мақсатты топтың 95% қандай да бір үй шаруасымен айналысады: үй жинау, ыдыс жуу, жасы кіші бауырларына, сіңлілеріне, отбасының ауру мүшесіне қарайласу, тамақ сатып алу, тамақ әзірлеу, кір жуу/үтіктеу, тұрмыстық техниканы жөндеу. Әдетте ата-аналар балаларын бала кезден үй жұмысына үйретеді. Бұл ата-анаға үй шаруасы жағынан тек көмек болып қана қоймай, сонымен қатар отбасындағы тәрбиелік процестің бір бөлігі болып табылады.

Қыз балалар үй шаруасын атқаруға көптен тартылады. Баланы еңбекке баулудың гендерлік айырмашылығы ұлттық ерекшелікпен және отбасындағы үй шаруасындағы міндетті үлестіру дәстүрімен байланысты.

Жұмыстың басқа түрлері арасында балалар өз бақшасында жұмыс істегендіктерін, бұлақтан үйге су әкелетінін, өз және басқа адамдардың малдарын баққандығын, малға қарайласқандығын, басқа адамдарға үй шаруашылығын жүргізуге көмектескендерін

айтады. Жұмыстың басқа түрлерімен балалардың 44%-ы айналысқан, ұл балалар басым түседі - 50% (қыз балалармен салыстырғанда 35%).

5-кесте. Сауалнама жүргізудің нәтижесі бойынша балалар атқарған жұмыстың түрі мен ұзақтығы

Жұмыс түрі		Баланың жынысы		Баланың жас шамасы			Барлығы N=206
		Ұл N=122	Қыз N=84	5-11 N=38	12-14 N=74	15-17 N= 91	
Өткен аптада жұмыспен айналысқан балалардың үлесі, %	Үй шаруасы	91,1	100	94,7	94,6	94,7	94,7
	Жұмыстың басқа түрі	49,6	34,9	44,7	44,6	42,6	43,7
Соңғы аптада, жұмыстың соңғы кезеңінде жұмыстың ұзақтығы	Үй шаруасы	11	14	13	11	13	12
	Мақтамен	34	31	31	32	36	33
	Темекімен	33	31	31	31	34	32
	Көкөніспен	37	39	27	40	40	38
	Жұмыстың басқа түрімен	10	8	4	7	12	9

Дерек көзі: Аграрлық секторда жұмыс істейтін 206 баладан сауалнама алынды

Максатты топтың балалары үй шаруасынан басқа мақта, көкөніс немесе темекі бар аграрлық секторларда жұмыс істеген. Сауалнамаға жауап берген балалардың жауабын алып қарайтын болсақ, олар аптасына орта есеппен 33-38 сағат жұмыс істейді екен.

2.3 Аграрлық сектордағы балалардың жұмыспен қамтылуы

Бала санағы бойынша анықталған, бала еңбегіне тартылған 206 баладан сауалнама арқылы жауап алынды. Соның ішінде 126 бала көкөніспен айналысады екен (Сарыағаш, Еңбекшіқазақ, Қаратал, Талғар аудандары), 75 бала мақтамен жұмыс істейді (Мақтаарал мен Шардара аудандары) және 10 бала темекіде жұмыс істейді (Еңбекшіқазақ ауданы!). 206 баланың ішіндегі 4 бала көкөністе, сондай-ақ темекіде жұмыс істеген.

Көкөніспен жұмыс. Көкөніспен жұмыс істеген балалар келесі жұмыс түрлерін атқарды: егу (18%), суару (17%), түптеу (40%), көкөністерді жинау (90%), көкністерді тиеу/түсіру (23%), көкөніс салынған жәшіктерді тасу (20%), көкөністерді сұрыптау (33%). Өнімдерді жинау ең кең тараған жұмыс түрі болып табылады, жұмыстың екі түрі балалар үшін ауыр – көкөністерді тиеу/түсіру және көкөніс салынған жәшіктерді тасу, бұл жерде қыздар мен ұлдар жұмыс істейді (көкөністерді тиеу/түсіру жұмыстарымен 28,6% ұл бала мен, 14% қыз бала айналысқан, көкөніс салынған жәшіктерді сәйкесінше 28,6% және 6% тасыған.

Көкөніспен жұмыс істеу науқаны маусым айынан қыркүйек айына дейін жалғасады, аталған айларда сауалнама алынған балалардың 30-дан 70%-ға дейін жұмыс істеген (2-диаграмма). Балалар көкөніс алқаптарында күніне орта есеппен 5-6 сағат немесе аптасына 38 сағат еңбек еткен (сұрақ жұмыс істеген кезеңнің соңғы аптасында қойылды). Қыздар ұлдарға қарағанда көп сағат жұмыс істеген (аптасына 39 сағат, ал ұлдар - 37 сағат). 5-11 жастағы орта топтың балалары (аптасына 27 сағат) 12-17 жастағылармен (аптасына 40 сағат) салыстырғанда аз жұмыс істеген.

6-кесте. Жас топтамасы мен жыныстары бойынша көкөністермен жұмыс істеу түрлері, N=126, %

Жұмыс түрлері	Жыныс		Жас			Барлығы N=126
	Ұл N=77	Қыз N=49	5-11 жас N=22	12-14 жас N=43	15-17 жас N=61	
Егу	19,5	16,3	18,2	27,9	11,5	18,3
Суару	20,8	10,2	22,7	20,9	11,5	16,7
Түптеу	31,2	53,1	40,9	30,2	45,9	39,7
Көкөніс жинау	89,6	89,8	86,4	88,4	91,8	89,7
Көкөністерді тиеу/түсіру	28,6	14,3	9,1	20,9	29,5	23,0
Көкөністері бар жәшіктерді тасу	28,6	6,1	9,1	16,3	26,2	19,8
Көкөністерді сұрыптау	35,1	30,6	31,8	32,6	34,4	33,3
Көкөністермен басқа да жұмыстар	3,9		4,5	2,3	1,6	2,4

Дерек көзі : Аграрлық секторда жұмыс істейтіндерді сауалнамалау 206 бала

Мақтамен жұмыс. Зерттеу барысында ОҚО мақтада жұмыс істейтін 75 баладан жауап алынды. Мақтада жұмыс істеген кезде балалар мынадай жұмыс түрлерін атқарды: мақта жинау (балалардың 100%-ы), түптеу (21%), құрттарды жинау (1,3%), қауыз бұтақтарын жинау (6,7%), сонымен қатар балалар мақта биіктеп емес, жайылып өсуі үшін өскінінің ұштарын сындырады (1,3%). Барлық балалар мақта жинаумен айналысты. Мақта жинау кезде бала еңбегін пайдалану жұмыс берушіге тиімді, себебі балалар шапшаң қимылдайды²², жоғары төлемақыны талап етпейді.

Жұмыс күндері балалар орташа алғанда мақта алқабында 6 сағаттан жұмыс істесе, жексенбі күні – 8 сағаттан (жұмыстың соңғы аптасында 33 сағат). Қыздарға қарағанда (аптасына 31 сағат) ұлдар көбірек жұмыс істеді (аптасына 34 сағат). 5-11 жастағы балалар аптасына 31 сағат еңбек еткен, ал 12-14 жастағы балалар 32 сағат және 15-17 жастағы балалар аптасына 36 сағат жұмыс істеген. Мақтамен жұмыс істеудің ең нағыз қызған шағы қыркүйек, қазан айларына келеді, бұл кезде жауап алынған балалардың 80-100% жұмыс істеген (2-диаграмма).

7-кесте. Жас топтамасы мен жыныстары бойынша мақтада жұмыс істеу түрлері, N=75 %

Мақтамен жұмыс түрлері	Жыныс		Жас			Барлығы N=75
	Ұл N=41	Қыз N=34	5-11 жас N=16	12-14 жас N=29	15-17 жас N=30	
Мақтаны түптеу	19,5	23,5	18,8	17,2	26,7	21,3
Мақта жинау	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
Мақтаны құрттан тазарту	2,4	-	-	-	3,3	1,3
Мақта түптерін жинау	7,3	5,9	-	6,9	10,0	6,7
Мақтамен басқа да жұмыстар	2,4	-	-	-	3,3	1,3


Дерек көзі: Аграрлық секторда жұмыс істейтіндерді сауалнамалау 206 бала

Темекімен жұмыс. Зерттеу барысында темекіде жұмыс істейтін тек 10 баладан ғана жауап ала алдық, оның 9-ы ұл бала, 1-і қыз бала. Балалардың жас шамасы: 5 бала 12-14 жас аралығында, 5 бала 15-17 жас аралығында. Олардың барлығы, яғни 10 бала темекіні байлаумен, 8 бала түптеумен, 7 бала темекіні сындырумен, 5-і сұрыптаумен, 4-і тығыздаумен, 2-і суару және егумен айналысады.

²² ОҚО ата-аналар мен жұмыс берушілердің пікірі

Балалар жұмыс күндері 5,5 сағат, ал жексенбі күні 7,5 сағат жұмыс істейтіндіктерін айтты, яғни орта есеппен аптасына 32 сағат еңбек етеді. Жұмыстың қызған шағы мамыр және тамыз-қыркүйек айларына келеді (балалардың 60-70%-ы осы кезеңде жұмыс істегендерін көрсетті).

**2-диаграмма. Осы жұмыс түрлерімен сен қай айлары айналыстың/айналысасың?
Балалардың үлесі % -ға шаққанда**



Дерек көзі: Аграрлық секторда жұмыс істеген 206 баладан алынған сауалнама

2.4 Балалардың еңбекақысы

Балалардың 28%-ға жуығы еңбекақы алмайды, себебі олар ата-аналарымен бірге өздерінің немесе жалға алған жер телімінде жұмыс істейді (олардың арасында қыздарға қарағанда ұлдар басым; 12-17 жастағы балаларға қарағанда 5-11 жастағы балалардың саны басым түседі). Ата-аналар өнімді сатады, түскен ақшаға отбасы жыл бойы өмір сүріп шығады. Қалған балалар өз еңбекақыларын алады (балалардың 56%-ы) немесе олар үшін ата-аналары алады (16%), егер олар алқапта өз ата-аналарымен бірге еңбектенсе. Көбінесе балалар өз еңбегі үшін жалақыны ақшалай алады (94%), бірақ балалардың 3%-ы өнім түрінде алса, 3%-ы жартылай ақшалай, жартылай өнім түрінде алады.

Балалардың көбі күн сайын жұмыс аяқталған кезде қолдарына ақша алады - 60%, (мақтада - 80%, көкөністерде - 51%), жылына бір рет 27% (темекіде 80%, мақтада 29,8%), қалған балалар еңбекақысын аптасына бір рет алады (6,8%), айына бір рет (5,4%) немесе тоқсанына бір рет (0,5%).

Баланың еңбегіне ақы төлеу бірнеше тәсілдермен жүргізілуі мүмкін. ОҚО мақтадағы төлемнің ең кең тараған түрі – жиналған мақтаның көлеміне, яғни қанша килограмм жинағанына байланысты кесімді төлем. Мақтаның бірінші түсімі кезінде мақта талшығын жинаған үшін – 1 килограммға 10 теңге, екінші түсімнен 1 кг – 20 теңге, мақтаның үшінші түсімінен – 1 кг – 30 теңге. Қозаны түптеу, құрт жинау, мақта бұтағын жинау жұмыстары үшін жұмыс беруші балаға жұмыс істеген уақыт үшін төлейді. Мақтада жұмыс істеген балаға күніне 100-2000 теңге ақша төленеді (негізінде күніне 1000 теңге), жарты күн жұмыс істегені үшін 90-нан 900 теңгеге дейін ақша төленеді. Табыс көлемі баланың жас шамасына байланысты. 12-17 жастағы балалар мақта науқанында айына 30000-40000 теңгеге дейін ақша табуы мүмкін.

8-кесте. Балаларға еңбекақы төлеудің жиілігі, %-ға шаққанда

Жалақы төлеу жиілігі	Жұмыс жасау саласы			Барлығы
	Көкөністер	Мақта	Темекі	
Жылына 1 рет	29,8	16,2	80	27,3
Тоқсанда 1 рет	0,8	-	-	0,5
Айына 1 рет	9,1	-	-	5,4
Аптасына 1 рет	9,1	4,1	-	6,8
Күн сайын, кешке	51,2	79,7	20	60
Барлығы	100%	100%	100%	100%
Күніне кәдімгі төлем мөлшері, теңге	1000	1000	800	-
Күніне ең жоғарғы төлем мөлшері, теңге	2000	3000	800	-
Айына ең жоғарғы төлем мөлшері, теңге	35000	20000	15000	-

Дерек көзі: Аграрлық секторда жұмыс істеген 206 баладан алынған сауалнама

Көкөністе өнімді жинаған үшін берілетін еңбекақы кесімді, күніне жинаған килограммға байланысты немесе сағатқа байланысты – күнделікті жұмыс істеген уақыты үшін. Күн сайын балалар жарты күн жұмыс істеп 400 теңгеден алады (картопта, пиязда, капустада, қызылшада) немесе 1500-3000 теңгеден (құлпынайда, алмада, жүзімде). Еңбекақының көлемі аптасына 3000 теңгеден 10000 теңгеге дейін ауытқиды, айына 10000-35000 теңгеге дейін.

Менің қызым 11 сыныпта оқиды. Ол бір апта мақта жинап, 20000 теңге табыс тапты. Өзіне қажетті күздік, қыстық киімдер сатып алды. Бұл әрине отбасы бюджетіне көмектеседі (ата-анамен анкетаны толтырған кездегі сұхбаттан, ОҚО)
Біздің отбасымызда жалақысыз баланың жағдайы қиын болар еді. Баланың жалақысы – отбасы бюджеті үшін үлкен көмек. Балалардың тапқан жалақысы өздерінің мұқтажына жұмсалады. (ата-анамен анкетаны толтырған кездегі сұхбаттан, АО)


Темекіде 2 бала еңбекақысын күн сайын алып отырған (800 теңгеден) және 8 бала өз учаскелерінде ата-аналармен жұмыс істеген, сондықтан да еңбекақысын жылына бір рет өнімді сатқаннан кейін алған. Балалардың жауабы бойынша жыл бойы тапқан еңбекақы шамамен 15000 теңгені құрайды. Өз еңбекақысын балалардың көбісі (27,2%) өздеріне киім сатып алуға жұмсайды, ал қалғандары (6%) – тапқан табысын компьютер/ноутбук, ұялы телефон немесе велосипедке бөлшектер және т.б. сатып алу үшін жинайды.

Көптеген ата-аналар үшін балалардың тапқан табысы отбасылық бюджет үшін маңызды кіріс болып табылады (ата-аналардың 54%-ы), ал кейбіреулеріне – онсыз өмір сүру мүмкін емес (18%). Қалғандары үшін – баланың табысы отбасылық бюджет үшін мардымсыз болып табылады, егер баласы жұмыс істемесе, отбасылық бюджет зардап шекпейді.

2.5 Балалар еңбегінің жағдайлары

Балаларға сауалнама жүргізудің нәтижесінде мынаны байқадық, еңбек жағдайы қиындай түскен сайын, балалардың көбісіне жұмыс істеген ұнамайды. Балалардың көбісі еңбекке оң қабақ танытады: балалардың 45,9% жұмыс істегенді ұнататындықтарын айтса, 32,7% - онша ұнатпайды, ал қалған 21,5% - мүлде жұмыс істегенді ұнатпайды, бірақ істеуге тура келеді деген жауап берді.

3-диаграмма. Қызмет саласында «Саған жұмыс істеген ұнай ма?» деген сұрақтың жауабын үлестіру, %



Дерек көзі: Аграрлық секторда жұмыс істеген 206 баладан алынған сауалнама

Балалардың еңбек жағдайы ересектердің еңбек жағдайынан ерекше емес. Өз жұмысында балалар шаңға, өткір улы иістерге (74,8%) ұшырайды, қатты суықта немесе ыстықта жұмыс істейді (63,1%), өз жұмыстарында қауіпті құралдарды қолданады: пышақ, секаторлар (18,9%), жұмыс кезінде пестицидтермен, химикаттармен (9,7%), қатты шуға немесе дірілге (18,9%) ұшырасады. Бөлменің жеткілікті түрде желдетілмеуі (3,4%), жәндіктер мен жыландардың шағып алуы (5%) балаларды мазалайды. 15-17 жастағы екі ұл бала отпен жұмыс істейді. Мақтамен жұмыс істеу кезінде жағдай өте ауыр екендігін атап өткен жөн.

9-кесте. Балалардың мына сұраққа жауаптарын жіктеу: «Өзіңнің жұмыс орнында нелермен ұшырасасың?», %

Шаң-тозаң, кетпейтін өткір иіс	74,8	Жылан, жәндіктер (ара, бал арасы, шіркей) шағып алуы	4,9
Қатты суық немесе ыстық	63,1	Жұмыс орнының жеткілікті түрде желдетілмеуі	3,4
Қауіпті құралдар (пышақтар, кескіштер және т.б.)	18,9	Жұмыс орны тым қараңғы немесе шектелген	1,5
Қатты шу немесе діріл	12,1	От, жалын	1,0
Химиялық заттар (пестицидтер, желім)	9,7		

Жұмыс орнында (алқапта) балаларда асхана немесе тамақтанатын орын (75%), дәретхана (76%), медпункт немесе медициналық қызметкер (96%) жиі бола бермейді. Әсіресе таза ауыз суының болмауын (19%) атап өткен жөн. Балалардың берген жауабы бойынша олар қорғаныс құралдарымен толықтай қамтылмаған: арнайы киім мен аяқ киім тек балалардың 23,3% ғана бар, 8,3% балада респираторлық маска болса, балалардың 3,4%-ы масадан қорғайтын құралға ие, балалардың 53% қолғапқа ие, күннен қорғайтын құралдар – балалардың 41% ғана. Өте жағымсыз жағдай мақтамен жұмыс істейтін өлкелерде, яғни Оңтүстік Қазақстан облысында орын алып отыр.

10-кесте. Еңбек жағдайы: бала үшін жұмыс орнында қолжетімсіз нәрселер (N=206), %

Респираторлық маскалар	82,0	Арнайы киім/аяқ киім	68,4
Медпункт немесе медицина қызметкері	96,1	Күннен қорғайтын құралдар	54,4
Масадан қорғайтын құралдар	88,3	Қолғаптар	44,7
Асхана немесе тамақтанатын орын	75,2	Таза ауыз суы	18,9
Дәретхана	75,7	Тынығуға уақыт/үзіліс/түскі ас	15,0
Тынығатын орын	69,4		

Балалардың 16%-ы еңбек жағдайына шағым айтса, балалардың 8,3% - өзінің жұмыс берушісіне шағымданады: балалар шаршайды, жұмыс істеу қиын, жұмыс беруші аз төлейді. Егер бала шешімді өзі қабылдаса, өзі үшін ақша табатын болса, онда олар қайда

Алматы облысында көптеген егістіктер ірі жер иесіне тиесілі. Сауалнама жүргізу барысында және түбегейлі сұхбат жүргізуде жергілікті тұрғындар жұмыс беруші жөнінде жылы шырай танытады. Ата-аналар мен балалардың айтуынша, жұмыс беруші оларды көлікпен(автобус), қорғаныс құралдарын, қолғап, таза ауызсумен және түскі аспен қамтамасыз етеді. Жұмыс уақытысы күніне 4 сағаттан аспайды. 14-17 жастағы балалар жұмысқа тек ата-аналардың келісімімен ғана жалданады. Ал кішкентай жастағы балалар жұмысқа тартылмайды. Жұмыстың барлық түрі жақсы төленеді (ата-аналармен анкетаны толтырған кездегі сұхбаттан, АО).

жұмыс істеу керектігін таңдайды, және ол жерде қуана жұмыс істейді (өзінің ақшасы болады). «Мұның маусымдық табыс екендігін балалар түсініп, жіберіп алмауға тырысады. Өздері ертемен тұрып, еш қарсылықсыз жұмысқа барады» (Ата-аналардың жауаптарынан, Мақтаарал ауданы).

Ресми еңбек келісімшарты Қазақстанның Еңбек Кодексін сақтаудың кепілі болып табылады. Тек балалардың 2,4% ғана жұмыс беруші олармен еңбек келісімшартына отырғанын айтты (бұл

балалардың барлығы көкөністе жұмыс істейді), 87,4% келісімшарт жасалмаған, 10,2% жауап бере алмады. Бұл деректер балалар көп жағдайда жұмысқа тартылғандығын білдіреді.

Жұмыста баланың басқа балалармен, ересектермен өзара қарым-қатынасы маңызды болып табылады. Балалардың 83%-да «үлкендермен сыйластық қатынас орнаған», 7,8%-ы, әсіресе қыз балалар достық қатынасты, үлкендер тарапынан қолдауды көрсеткен. Үлкендермен қақтығыс балалардың 0,5%-да кездеседі. Балалардың басқа балалармен достық, сыйластық қатынасы – 96,3%.


3-тарау. Жұмыс істейтін балалар мен олардың отбасының профилі

3.1 Санақ жүргізу арқылы жұмыс істейтін балалардың анықталған профилі

Бала еңбегіне тартылғандар санағының нәтижесі бойынша ұл балалар басым түседі. Мақсатты топ ішінде 58% ұл болса, 42% қыз бала. Ең алдымен қыз балаларға қарағанда ұлдар егістік жұмыстарында ауыр жұмыстарды орындай алатындығымен байланысты болуы мүмкін (жиналған көкөністерді, жәшіктерді, қаптарды, мақта салынған теңдерді тасымалдау), ал қыз балалар үй шаруашылығындағы жұмыстармен, балаларды қараумен жақсы айналысады. Көкөніс өсетін Еңбекшіқазақ (63%) және Сарыағаш (69%) аудандарында ұлдардың үлесі жоғары.

Жас топтамасы бойынша 15-17 жастағы жұмыс істейтін балалар басым түседі – 42,7% және 12 жастағы балалар - 38%. Соған қарамастан, мақта мен көкністе жұмыс істейтін 5-11 жастағы балалар 19,2% құрап отыр.

4-диаграмма. Жас шамасы мен жынысы бойынша жұмыс істейтін балалардың профилі, N=468



Дерек көзі: 5-17 жас аралығындағы аграрлық секторда жұмыс істейтін балалардың санағы

3.2 Зерттеу кезінде сауалнама алынған жұмыс істейтін балалардың профилі

Зерттеу шеңберінде 206 бала мен 204 ата-анадан сауалнама алынды. Респонденттердің бір бөлігі бала еңбегін пайдаланатындығын жасырды немесе екі облыста да сауалнамаға жауап беруден бас тартты. Балалар мен ата-аналардан жауап алудың нәтижесінде отбасы, баспана жайы, неліктен жұмыс істейтіндігі, жұмыс жағдайы, бала еңбегіне қатынасы және аграрлық сектордағы бала еңбегінің басқа да аспектілері жайында нақты мәліметтер алынды.

11-кесте. Секторлар бойынша бала еңбегінің профилі (N=206)

Салалар		Жас топтамасы			Жынысы		Барлығы
		5-11 жас	12-14 жас	15-17 жас	Ұл	Қыз	
Бала саны	Көкөністер	22	40	59	73	48	10
	Темекі *	-	5	5	8	2	75
	Мақта	16	29	30	41	34	10
	Барлығы	38	74	94	122	84	206
Үлес, %	Көкөністер	18,2	33,1	48,8	60,3	39,7	100%
	Темекі *	-	50,0	50,0	80,0	20,0	100%
	Мақта	21,3	38,7	40,0	54,7	45,3	100%
	Барлығы	18,4	35,9	45,6	59,2	40,8	100%


Дерек көзі: 5-17 жастағы барлық балалардың бейне-сауалнамасы

*темекі мен көкөністе жұмыс істейтін 4 баланы қосқанда

Бала еңбегіне тартылған балалардың жынысы бойынша ұлдар басым түседі. Жауап алынған жұмыс істейтін балалардың 60%-ы ұл, 40%-ы қыз. Қыздар көкөністерді тиеу, жемістер салынған жәшіктерді тасу, картопты қазу жұмыстарына сирек қатысады. Мақтамен жұмыс істеген кезде (әсіресе оны жинаған уақытта) баланың жынысына қарамай, яғни ұл баланы да, қыз баланы да еңбекке тартады. Мақтада атқарылатын жұмыс түрлері баланың жынысымен анықталмайды.

Баланың жас шамасына байланысты жасы кіші топ, яғни 5-14 жас аралығындағы балалар ОҚО басым түссе, 15-17 жастағы жасы үлкен балалар Алматы облысында басым. Жасы кіші топ балаларының өте үлкен үлесі Сарыағаш ауданында көкөністеі жұмыста байқалады, мұнда 5-11 жастағы балалар – 26,7%. Шардара мен Сарыағаш аудандарында егістіктерде жасы 14-ке дейінгі балалар жұмыс істейді, яғни 83,3% және 76,7%. Алматы облысында жағдай жақсырақ, себебі жұмысқа жасы 15-тен асқан балаларды тартады (56,4%). Жұмыс істейтін балалардан жауап алғанда 5-11 жастағы балалар 18,4% құраса, 12-14 жастағылар – 35,9%, ал 15-17 жастағылар – 45,6%.


5-диаграмма. Жас топтамасы бойынша аграрлық секторда жұмыс істеушілердің құрылымы, %.



Дерек көзі: Аграрлық секторда жұмыс істеген 206 баладан алынған сауалнама (профилі)

Жауап алынған балалардың ұлттық құрамын облыс бойынша айыруға болады. Байқалатын айырмашылық облыс халқының ұлттық құрамына байланысты²³. Егер Оңтүстік Қазақстан облысында бала еңбегіне тартылғандарды қазақтар (91,4%) құраса, ал Алматы облысында ұлттық құрылымда басқа да ұлттардың үлесі құрады: қазақтар (43,6%), ұйғырлар (21,8%), кәрістер (19,8%), орыстар (14,9%).

6-диаграмма. Ұлты бойынша аграрлық секторда жұмыс істейтін балалардың құрылымы, %*.



*Дерек көзі: Аграрлық секторда жұмыс істеген 206 баладан алынған сауалнама (бейнесі)

²³ Статистика жөніндегі агенттіктің деректері бойынша 2009ж. ОҚО ауыл тұрғындары арасында қазақ ұлты басым түскен - 74,2% және өзбектер 18,1% құрады. Алматы облысында қазақтар - 70,1%, орыстар - 13,3%, ұйғырлар - 9%, кәрістер - 0,6%. Қазақстан Республикасы халқының санағы, 2009 жыл. Қысқаша қорытындылар. Статистикалық жинақ.// А.А. Смаилова ред. басшылығымен, Астана, 2010, б. 23-24

Жұмыс істейтін балалар әдетте көп балалы отбасынан шыққандар болып табылады²⁴. Жұмыс істейтін баланың отбасында орта есеппен шамамен 6 адам бар (4-тен 12 адамға дейін). Балалардың 86%-ның інілері мен қарындастары бар. Баланың ата-анасы заңды некеде тұрады (88,2%) немесе бірге тұрады, бірақ заңсыз неке (1,5%) де кездеседі. Келесі себептерге байланысты баланы бір ғана ата-ана тәрбиелейді: жесір (5,9%), ажырасқан (2,9%), тұрмыс құрмаған/үйленбеген (1,5%).

Ата-аналардың басым көпшілігінің орта білімі (66,3% - әкелері мен 62,6% - аналары) және кәсіби орта арнайы білімдері бар (20,9% әкелері мен 17,2% аналары), тек 5,9% әкелер мен 3,9% аналардың жоғары білімдері бар.

7-диаграмма. Ата-аналардың жұмыспен қамтылу мәртебесі, %



Дерек көзі: 204 ата-аналарды сауалнамасы (профилі)

Сауалнама алынған ата-аналардың арасында жұмыссыздық деңгейі өте жоғары: 22,6% әкелер мен 18,7% аналар. Сонымен қоса 15,6% әкелер мен 8,4% аналардың тұрақты жұмыс орындары жоқ және олардың жұмыстары маусымдық жұмыс қана. Үй шаруасындағы әйелдердің деңгейі жоғары – 42% және өз кәсібімен айналысатын әкелер – 24% (таксист, саудагер, жалданбалы құрылысшы, т.б.), 7-диаграмманы қараңыз.

Сондықтан да сауалнама жүргізілген балалары жұмыс істейтін отбасылар арасында аналардың тек 20% мен әкелердің 24% тұрақты табыстары жеке кәсіпкерлікпен айналысатындықтан, мемлекеттік қызметкер, зейнеткер немесе фермер болғандықтан болып отыр. Тұрақты табыстың болмауы қалған үй шаруасындағылар мәртебесінің өте осалдығын және табысы төмендігін анықтайды.


3.3 Отбасылардың экономикалық жағдайы мен табыс көздері

Отбасының табысы оның экономикалық мәртебесін анықтайды. Ата-аналардың өздерінің бағалауы бойынша²⁵ отбасыдағы балалардың 43% ең қажетті мұқтаждықтарын қанағаттандыра алмай отыр: тамақтандыруда (28,6%), киім-кешек, аяқ киім мен қажетті басты нәрселерден (14,8%). Алматы облысында кедей отбасынан шыққан балалардың саны - 50% жуық, ОҚО - 38%.

²⁴ Отбасы құрамы және отбасының экономикалық жағдайы бөлімі отбасының ересек мүшелерінен сауалнама алу нәтижелері бойынша жазылды. Сауалнама сұрақтарына көбінесе аналары (72,5%), әкелері (18,1%), сонымен бірге әжелері/аталары (5,9%), баланың әпкесі, ағасы секілді басқа туыстары да (2%) жауап берді

²⁵ Қолданылатын өзін-өзі бағалау шкаласы ҚР Статистикалық Агенттігімен үй-шаруашылықтардың тұрмыс деңгейін зерттеу үшін жасалынған

8-диаграмма. Отбасылардың экономикалық жағдайы, %.



Дерек көзі: 204 ата-ананың сауалнамасы (профилі)

Қазақстанда кедей үй шаруашылығы үшін мемлекет тарапынан әлеуметтік жәрдемақы түрінде әлеуметтік трансферт жүйесі бар. Қазақстанда мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектің көлемі өте аз, отбасыларға кедейлікті жеңуге мүмкіндік бермейді. Алайда көптеген кедей отбасылары үшін ол ақшалай табыстың маңызды көзі болып табылады, әсіресе басқа ақшалай табыс болмаса. Балалары да жұмыс істейтін отбасылардың 40% аз қамтылған отбасыларға берілетін қандай да бір жәрдемақының түрін алады, және отбасының 5% - баласы бар отбасыны қолдауға берілетін жәрдемақыны алады. Ата-аналардың 27,4% көп балалы отбасы ретінде жәрдемақыны алатындығын көрсетті, 8,3% - кедейлерге берілетін атаулық әлеуметтік көмек, 4,9% - кедейлерге арналған баспана жәрдемақысы, 8,8% - кедей отбасындағы балаларға арналған жәрдемақы, 2% - асыраушысын жоғалтуға байланысты жәрдемақы (отбасы жәрдемақының бірнеше түрін алуы мүмкін).

Отбасының басқа да табыс көзі – бұл үй жануарын асырау. Сұрастырылған отбасының 48,5% сиыр ұстаса, 27,0% - құс асырайды, 16,7% - қой, 10,8% - жылқы малын асырайды. Ешкі мен шошқаны сирек асырайды. Үй маңындағы учаске 88,0% отбасы үшін табыс көзі болып табылады. ОҚО үй маңындағы учаскелер кейде үлкен алқапты алып жатады – 0,5 га дейін.

Ата-аналарға сауалнама жүргізудің нәтижесінде отбасының 26% соңғы 12 айда әр түрлі мұқтаждыққа байланысты несие алған. Бұл отбасының осалдылығын арттыра түсетін тағы да бір фактор.

3.4 Өмір сүру жағдайлары мен тұрғын үйдің қолайлылығы


Балалары жұмыс істейтін отбасының өмір сүру жағдайлары отбасының әл-ауқаты және бала үшін үй іші қаншалықты қолайлы екендігі туралы нақты ақпарат бере алады.

Барлық отбасы өзінің жеке меншік үйінде тұрмайды, тек отбасының 80% ғана. Отын ретінде көмірді қолданады (91,5%), бұл кедей отбасы үшін бағасы жағынан өте қолайлы, ал кейбір отбасы отынның қымбат түрі – газды қолданады (3,5%). Қалған отбасылар отынның ең арзан түрі қиды (2,5%), ағашты қолданады және заңсыз түрде сексеуіл жинайды (2,5%).

Тек үйдің 11,8% ғана орталық су құбыры тартылған, отбасының 35,8% ауласында су колонкасы бар, көшедегі су колонкасын отбасының 24,5% қолданады, ал 15,2% тасымалданатын суды, 6,4% отбасы бұлақтың, көлдің, өзеннің суын пайдаланады. Алматы

облысымен салыстырғанда Оңтүстік Қазақстан облысында сумен қамтамасыз ету жағдайы мәз емес. ОҚО отбасының 29,8% тасымалданатын суды қолданса, 12,5% жергілікті бұлақтың, өзеннің, көлдің суын пайдаланады. Ата-аналардың жауаптары бойынша ОҚО отбасының 60%, Алматы облысындағы отбасының 6% таза қауіпсіз ауыз суына қол жеткізе алмай отыр.

9-диаграмма. Үй шаруашылығындағы ауыз судың көзі, %



Дерек көзі: 204 ата-анадан сауалнамасы (профилі)

Отбасының 99% жайлы қонысында электр тогы бар. Қалған қолайлы үй-жайлар Алматы облысы мен ОҚО елеулі түрде ерекшеленеді. Оңтүстік Қазақстан облысында сұрастырылған отбасылардың үйлерінде ыстық су, үй ішінде дәретхана және орталық кәріз, аулада септиктер де жоқ. Алматы облыстарында ыстық су 11,0% респонденттерде бар, орталық канализация 3,0%-да, үй ішіндегі дәретхана 8,0%, үй ауласында септикке 30,0% ие.

Теледидар (98%) мен ұялы телефон (85,8%) кеңінен тараған тұрмыстық техника болып табылады. Алматы облысындағы отбасылар ОҚО салыстырғанда тұрмыстық техникамен жақсы қамтамасыз етілген. Алматы облысында тоңазытқышқа 91% (ОҚО – 44,2%), кір жуатын машинаға - 68% (26%), шаңсорғышқа - 37% (8,7%), спутниктік антеннаға - 37% (3,8%), үй телефонына - 37% (11,5%), компьютерге - 27% (ОҚО – 0) ие.

Баланың жеке бөлмесінің бар болуы өзінің жеке кеңістігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Балалардың тек 38,3% ғана өзінің жеке бөлмесіне ие. Аудандар бойынша үлкен айырмашылық байқалады. Өзінің жеке бөлмесі бар балалардың үлесі ОҚО өте аз: Сарыағаш ауданында – 20,0%, Шардарада - 20,8%, Мақтааралда - 27,5%. Алматы облысы мен ОҚО аудандарындағы мұндай үлкен айырмашылық Қазақстанның оңтүстік бөлігінде көп балалы отбасы санының көп болуымен, бір бөлмеде бірнеше бала бірге өмір сүретіндігімен түсіндіріледі. Гендерлік белгі бойынша ұлдарға қарағанда қыз балаларда жеке бөлменің бар болуы 3% аз.

Зерттеу нәтижесі бойынша балалардың кейбіреуінде сабаққа дайындалуға арналған жеке үстелі жоқ. Сабаққа дайындалуға арналған жеке үстел тек балалардың 60% ғана бар (ОҚО 49%, Алматы облысында 73%). Бір бала үй тапсырмасын төсек үстінде немесе еденде отырып орындайтынын айтты (сұхбат алушылардың терең сұхбатынан). Демек, отбасының экономикалық әл-ауқаты сауалнама қойылған балалардың 70%-нан астамы тіршілік етудің қолайсыз жағдайы мен тұрмыстық жағдайлары жасалмағандығын көрсетеді. Егер ата-анасында ақша болса, онда олар өз балаларына, отбасына тапқан ақшаға тамақ (50%), киім (30,7%), аяқ киім (1,6%) сатып алар еді. Бұл мәліметтер отбасылардың жартысына көбісі аса кедей, тіпті оларда ең қажет тамақ, киім, аяқ киім жетіспейтіндігін көрсетеді.

4-тарау. Бала еңбегінің қауіпі мен оның салдары

Ата-аналар көкөністе, мақтада немесе темекіде еңбектеніп жүрген өз балаларына қауіп төнетіндігін мойындайды. Ата-аналардың пікірі бойынша, балаларға, әсіресе 14 жастан кіші балалар үшін жұмыс істеу қиынға соғады. Ата-аналар өз балаларын аяйды, бірақ өкінішке орай басқа жол жоқ: өздері кедей тұрғандықтан балалары жұмыс істеуге мәжбүр.

Мектептегі сабақты босату бала еңбегінің жағымсыз салдарының бірі деп санайды ата-аналар. Мақта жинау науқанында кедей отбасынан шыққан балалар мектепті бірнеше күн қатарынан босатады. Уақытында өнімді жинап, ақша жасау үшін ата-аналар балаларын мектепке жібермейді. Әрине, ересектер мұндай жағдайдың болғанын қаламайды, баланы бос уақытында жұмыс істеуге жібереді: жазда, каникул күндері, жексенбі күндері, мектептегі сабағы аяқталғаннан кейін.

Балаларға жұмыс істеу әрине қиын. Әсіресе 13 жастағы балаларға. Олар әлі кішкентай ғой. Дегенмен де ата-аналарына ақша жетпей жатса, балаларына киім-кешек керек болса, басқа амал жоқ. (ата-аналармен ФТП, АО)

Бізге балаларды сабақтан қалдыруға тура келеді, өйткені мақтаны жинап үлгере алмай жатырмыз. (ата-аналармен ФТП, ОҚО)

Ата-аналардың айтуы бойынша балаларды алқапқа апаратын көлік қауіп төндіреді. ОҚО оларды трактордың тіркеме қорабында немесе арбалармен апарды. Үйге қайтқан кезде де осы көліктерді қолданады. Алайда үйге қайтқан кезде балалар жиналған мақта теңінің үстіне отырып келеді. Төмпешік жерлерде көліктен құлап түсу, домалап кету қауіпі жоғары.

Ата-аналар балаларының денсаулығына да қауіп төнетіндігін айтты. Балалардың терісінде, көзінде мақта шаңы және/немесе химиялық тыңайтқыштардың әсерінен аллергия болады. Ересектерге қарағанда балалар мақта мен көкөністі өсіру кезінде қолданылатын химиялық заттарға осал келеді.

Қауіп-қатер еңбек жағдайымен де байланысты: ыстық күні, күн астында ұзақ жұмыс істегенде балалардың, әсіресе жасы кіші балалардың денесі қызып, басынан күн өтуі мүмкін. Сонымен қатар жәндіктердің, шіркейлер мен жыландардың шағып алуы қауіп төндіреді. Темекі, мақта және көкөніс алқаптарында аралар тобымен ұшып жүреді. Аралар өз ұяларын мақта сабақтарына салады. Жазда балалар мақта алқабы арқылы өтіп, бедер салып кетеді (мақта енімен жайылып өсу үшін сабақтың ұшын қияды). Ара шағып алады деген қауіп балалардың үрейін алады. Әсіресе бұл таулы аудандардағы жыландарға да қатысты.

Тағы бір қауіп – балалар бір-біріне ашылмаған мақта қауашақтарын лақтырып ойнайды. Бұл қауашақтар өте қатты, кейде балалар осының салдарынан денелерін ауыртып, көгертіп алады.


4.1 Білім алуға қолжетімділік

Жақсы білім мен оның балаларға қолжетімді болуы – бұл өмір сапасын жақсартудың негізгі шарты. Білім алу адамзат баласы дамуының маңызды факторы, ол білім алу және кәсіби дағдыны меңгеру кезінде адамның мүмкіндігін кеңейтеді. Жақсы білім балаларға келешекте жақсы табыс табуға, өз отбасын қамтамасыз етуге, кедейліктен құтылуға жол ашады.

Базалық білімнің машықтары. Бала еңбегіне тартылған мектеп жасындағы балалардан алынған сауалнама бойынша олардың кейбіреулері жаза алмайды, оқи алмайды және жақсы санай алмайды. 12-14 жастағы балалардың 14,9%-ы жақсы оқи алмаса, 10,8% -

дұрыс жаза алмайды, 6,8% - дұрыс санау білмейді. 15-17 жастағы балалардың 4,3%-ы дұрыс санау білмейді, 8,5% - дұрыс жаза алмайды, 6,4% - жақсы оқи алмайды. Бұл базалық машықтар бастауыш мектепте қалыптасады. Қыздарға қарағанда ұлдар білім жағынан, әсіресе оқу, жазу жағынан көп ақсап жатыр.

10-диаграмма. Өзін өзі бағалау бойынша жақсы жаза, оқи, санай алмайтын балалардың үлесі; әрбір топтағы жынысы және жас топтамасы бойынша балалардың үлесі, N=206, % шаққанда



Дерек көзі: балалардан сауалнама алу

Балалар үшін қол жетімді білімнің ең негізгі компоненттері: физикалық тұрғыдан қолжетімді, мектептегі білім сапасы, мектепке үнемі барып тұруы, қосымша білім алу арқылы баланың жан-жақты дамуы, кәсіби білім алу мүмкіндігі. Осының барлығы төменде қарастырылған.

Білімнің физикалық инфрақұрылымының қолжетімділігі. Сауалнамаға жауап берген балалардың 10% (206 баланың ішіндегі 20 бала) көрші елдегі мектепке барады немесе интернатта оқиды. Тек 14-17 жастағы екі бала көліктің тұрақты жүрмейтіндігін, мектепке бару өте қиын екендігін айтты. Ата-аналардың берген жауабы бойынша мақсатты топтағы балалардың 85% мектепке оңай жетеді екен (ОҚО 93%, ал Алматы облысында 77%). Қалған 15% мектепке жету қиын екендігін айтады, оның ішінде 1 бала осының салдарынан мектепке бармайды.

Мектепке бару. Балалар санағының нәтижесі бойынша бала еңбегіне тартылғандар мектеп жасындағы балалар. Олардың арасында 94% мектепте оқиды, мектепті аяқтағандар (9 немесе 11 сынып) және оқымайтындар – балалардың 1,5%, колледжде оқитындар - 4%, мектеп жасына дейінгілер – 0,2%. Қалған балалардың 0,2% жас шамасы бойынша оқуы керек, бірақ мектепке бармайды. Санақ бойынша жұмыс істейтін балалардың жас топтамасының мәліметтері кестеде келтірілген²⁶.

14 жасқа дейінгі балаларды базалық мектеп білімімен қамтудың жоғарғы деңгейі²⁷ - Қазақстанда Жалпы білім беру бағдарламасын өткізіп жатқан мұғалімдердің, мектеп әкімшілігі мен ҚР БҒМ Мектеп білімі басқармасының еңбегі болып табылады. Ата-аналардың жауаптарына қарағанда, мектептегі үлгерім мектеп әкімшілігі тарапынан қатаң бақыланады.

²⁶ Жастары бойынша оқуға тиісті, бірақ оқымайтын балалар сауалнамаға түспеген. Осыған байланысты 5-17 жастағы балалар санағының деректерін ғана қарастыруға болады.

²⁷ Орта мектептің 9 сыныптары базалық орта білімге сәйкес келеді

12-кесте. Ағымдағы оқу жылында 5-17 жастағы балалардың мектепке баруы, санақ нәтижесі бойынша, %

Мектепке бару	Мақсатты емес топ N=3347	ағайынды/сіңлілі N=314	Мақсатты топ (жұмыс істейтін балалар)		Жас топтамалары бойынша (санақ бойынша жұмыс істейтін балалар)		
			Санақ б-ша N=468	Сұхбат б-ша N=206	5-11 жас	12-14 жас	15-17 жас
Мектепке бармау, мектеп жасына дейінгі бала, нөлдік сынып	9,4	18,2	0,2	0,5	15,7	-	-
Мектепте 1-ден 11 дейін оқиды	89,1	78,3	94,0	88,3	84,0	99,6	90,3
9 сыныпты бітірді, басқа ешқайда оқымайды	0,1	0,3	1,3	5,8	-	-	1,5
11 сыныпты бітірді, басқа ешқайда оқымайды	0,1	0,0	0,2	0,5	-	-	0,4
Кәсіби-техникалық мектепте, колледжде, техникумда оқиды	1,1	1,3	4,1	4,4	-	-	7,3
Жасы бойынша мектепте оқуы тиіс, бірақ оқымайды	0,1	1,9	0,2	0,0	0,3	0,4	0,2
Үйде білім алады, өйткені мүгедек	0,1	0	0	0,5	0,1	0	0,2
Барлығы	100	100	100	100	100	100	100


Дерек көзі: Үй шаруашылығындағы 5-17 жастағы балалар санағының нәтижелері N=4129 және жұмыс істейтін балалардан алынған сауалнаманың нәтижелері N=206.

Бала еңбегіне тартылған балалар, олардың іні/қарындастары толық орта білім мен кәсіби білімге аз қолжетімділік танытуда. Аграрлық секторда жұмыс істейтін балаларды жұмыс істемейтін балалармен және олардың іні/қарындастарымен салыстырғанда осындай қорытындыға келуге болады. Сонымен, мақсатты топтың 1,3% балалары ғана 9 сыныпты аяқтаған және әрі қарай оқымайды, 0,2% балалар 11 сыныпты аяқтап, әрі қарай оқуын жалғастырмайды. Мақсатты емес топтарға сәйкес мұндай балалар тек 0,3% және 0% құрайды.

Білім беру сапасы. Білім беру сапасы балалардың білім алуға қолжетімділігінің маңызды компоненті болып табылады. Ата-аналардың 67% білім сапасын жақсы және үздік деп бағалайды, 31%-ы қанағаттандырылғыш болса, ата-аналардың 2%-ы білім сапасына риза емес.

Кәсіби білім алуға қолжетімділік. ФТП нәтижелері бойынша көптеген ата-аналардың балаларына жақсы білім беру мүмкіндігі және колледжде немесе кәсіби техникалық мектептерде мамандық алып беруіне мүмкіндіктері жоқ. Айталық, отбасыларды сауалнамалау нәтижелері бойынша ата-аналардың 45%-ы ғана 14-17 жастағы баласын колледжде немесе КТУ оқытуға мүмкіндіктері бар (Оңтүстік Қазақстан облысында мұндай балалар - 26%, Алматы облысында - 57% құрайды). Қыздарға қарағанда ұл балаларға мұндай білім беру көп жағдайда тиімді.


11-диаграмма. Колледжде немесе КТУ-да 14-17 жастағы балаларын оқытуға мүмкіндігі бар ата-аналардың үлесі, N= 204, %



Дерек көзі: 204 ата-аналарды сауалнамалау (профиль)

Қосымша білім беру. Қосымша білім алуға мақсатты топтағы балалардың 65% ғана қолжетімді, дегенмен 19,6% бала ғана қосымша білім алады. Балалардың 24% ғана Интернетті пайдаланады, ал дайындық курстарына балалардың тек 1% ғана барады. Мақсатты топтағы балалардың қосымша білім алуы және дайындық курстарына қатысуы елді мекендерде қиын болып тұр. Ал бұл балалардың еңбекке араласуының басты себептерінің бірі болып табылады. Қолы бос баласының жаман топқа түсіп кетпеуі үшін ата-аналары оларды жұмысқа салады. Ал бір жағынан, балалардың бір бөлігі еңбекке тартылғандықтан, қосымша сабақтарға қатыса алмайды.


12-диаграмма. Қосымша білім алуға қолжетімділік, N= 206, %



Дерек көзі: 204 ата-анадан сауалнама алу (профиль)

Баланың жынысы мен жас топтамасы арасында статистикалық айырмашылық жоқ.

13-диаграмма. Ата-аналар мен балалардың берген жауаптары бойынша мақсатты топтағы балалардың сабақты босату себептері, %



Дерек көзі: аграрлық секторда жұмыс істейтін 206 бала мен 197 ата-анадан сауалнама алу

Мектепте сабақты босату себептері. Балалардың 55% мектепте сабақ босатады. 15-17 жастағы балалардың 57% сабақты босатады, ал 7-11 жастағы балалар - 25%. Алматы облысында сабаққа қатысу (60%) Оңтүстік Қазақстанға (47%) қарағанда жоғары. Оңтүстік Қазақстанның мақталы аудандарында балалардың 76% сабақты босату себебін ақша табумен және ата-аналарға көмектесумен түсіндіреді, ал ата-аналардың 8% ғана балалардың егістікте жұмыс істеуге тура келгендігін айтады.

Түбегейлі сұхбат пен ФТП мәліметтері бойынша мектепте сабақты босататын балалардың көбі кедей, аз қамтылған, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан. Кейде ата-аналар балаларын өздері сабақтан сұрап алатынын айтады, себебі үйде тамақтың болмауынан балалар ақша табуға мәжбүр болады. Бұл күндері балалар мақта мен көкөністе жұмыс

істейді. Бірақ кейбір балалар сабақ оқығылары келмейді, ата-аналарын тыңдамай, білім алудың орнына ақша табу үшін егістікке шығады. Ата-аналар бұл туралы білмеуі де мүмкін.


Жалпы балалардың 50% оқу жылы басталысымен жұмыстарын тоқтатады: көкөністе жұмыс істейтін балалардың 64%-ы, мақтадағы - 22% және темекіде - 50%. Қалғандары сабақтан кейін немесе сабаққа дейін, не болмаса сенбі-жексенбі күндері жұмыс істейді. Осылардың басым көпшілігі мақтада жұмыс істейтіндер. Кейбір балалар (12%) кейде сабақтарын босата отырып, жұмыстарын жалғастыра береді.

Жұмыс істейтін балалардың көбі сабақтарына уақытылы дайындала алмайды. Айталық мақтада істейтін балалардың 70% сабақтарына түн ортасында дайындалады, ал 1,4% сабақ арасындағы үзілістерде дайындалады. Көкөністерде істейтін балалардың арасында түн ішінде дайындалатындары - 23%, 1,8% - дайындалуға мүлдем үлгермейді, ал 0,9% - үзіліс кезінде дайындалуға мәжбүр.

Білім беруге жұмсалатын шығындар. Бүгінгі таңда Қазақстанда орта білім беру тегін ұсынылған. Алайда, баланы мектепке әзірлеу кезінде отбасы көп шығындалады. Көп жағдайда ата-аналардың табысы мұндай шығындарға мүлдем жетпейді. Өз тарапынан бұл жағдай ата-аналарды балаларының жұмыс істеуге жіберуіне мәжбүрлейді.

Қазір балаларды қамтамасыз ету өте қиын. Мектептегі білім беру тегін бола тұрса да, оқулықтар алуға, мектеп формасын алуға, сынып қорларына (ата-аналармен ФТП, АО)

14-диаграмма. Өткен оқу жылындағы баланың білім алуына қажетті шығындардың теңгеге шаққандағы көлемі және олардың минималды жалақысынан алғандағы үлесі, %



Дерек көзі: 204 ата-анадан сауалнама алу (профиль)

Ата-аналардан сауалнама алу нәтижелері бойынша, бір оқу жылында білім алуға жұмсалатын шығындар жылдық минималды жалақыдан²⁸ орта есеппен 25% немесе 49 мың теңгені құрайды. Айталық ОҚО бұл 39 мың теңгені құрайды (жылдық минималды жалақыдан 20%), ал Алматы облысы бойынша 60 мың теңге (31%).

²⁸ Минималды жалақының мөлшері ағымдағы бюджетке сәйкес Қазақстан Занымен бекітіледі, 2011 жылы ол айына 15990 теңге құрады, яғни шамасымен 109 АҚШ доллар

4.2 Медициналық қызметке қолжетімділік

Зерттеу жүргізілген 29 елді мекеннің 3-де медициналық мекеме жоқ. Ата-аналардың айтуынша, елді мекендерде оларға мынадай медициналық қызмет түрлері көрсетіледі: балаларды иммунизациялау (89%), шұғыл жәрдем (70%), жаңа туған нәрестені күту (78%), педиатр қызметі (67%), тіс дәрігері (32%), хирург (16%). Жергілікті тұрғындардың пікірінше, қалаға қарағанда, ауылдық жерлерде медициналық қызмет көрсетуге қолжетімділік төмен.

Медициналық қызмет көрсету сапасы. Ата-аналардың 40% медициналық қызмет көрсету сапасына қанағаттанбайды, себебін жеке профильді білікті мамандардың жетіспеушілігімен, дәріханалардың жоқтығымен түсіндіреді, шұғыл көмек қажет болғанда білікті медициналық көмек алу қиын екендігін айтады. Кейбір ата-аналар медициналық мекемелерде жемқорлықпен қақтығысатынын айтады.

Ата-аналар өздерінің балаларының сау екендігіне сенеді, дегенмен мақтада жұмыс істеп жүрген балалардың 10% соңғы екі айда шаршап, болдырғандығы, жыландар мен жәндіктер шағып алу туралы, белдерінің ауыратындығын айтады. Көкөністе жұмыс істеп жүрген балалардың 20% шаршағандығы мен болдырғандығын, бас ауыратындарын сезінеді. Сондай-ақ балалар 10% белдерінің ауыратындығын, жалпы көңіл-күйлерінің нашарлығын, күн сәулесінің өтуін және т.б. айтады. Темекі егістігінде істейтін балалардың тыныс алу жолдары мен көз ауыратыны болған.

13-кесте. Балалар (N=206) мен олардың ата-аналары (N=197) белгілеген денсаулық мәселесі, балалардың жұмыс істейтін саласы бойынша, %.

Денсаулық мәселесінің түрлері	Балалардың жауабы бойынша			Ата-аналардың жауабы бойынша		
	Көкөністе	Мақтада	Темекі-де*	Көк-өністе	Мақтада	Темекі-де*
Аллергия/терінің қышуы, бөртпе	5,0	-	20,0	1,8	-	20,0
Құсу, іш өту, асқазанның бұзылуы	3,3	-	-	3,5	-	-
Қалжырау, шаршау,	20,7	14,7	10,0	14,0	17,6	
Күннің көзінің өтуі	6,6	8,0	10,0	8,8	5,9	10,0
Бас ауруы/бас айналуы	19,8	9,3		10,5	7,4	-
Арқасының ауруы	8,3	12,0	10,0	5,3	1,5	-
Күй, үсу	0,8	-	-	-	-	-
Респираторлық ауру (тыныс алу мәселесі)	1,7	2,7	10,0			10,0
Көз ауруы	1,7	4,0	10,0	0,9	1,5	10,0
Кесіп алу немесе ашы жара	3,3	4,0	-	0,9	1,5	-
Созылу, буынның шығуы	0,8		-	-		-
Көңіл күйінің болмауы	7,4	1,3	-	7,9	1,5	-
Температура	5,0	1,3	-	-	4,4	-
Жәндік, жыланның шағып алуы	0,8	12,0	-	2,6	5,9	-
Ешқандай проблема болған жоқ	60,3	69,3	50,0	72,8	77,9	70,0

* темекіде жұмыс істейтін балаларды іріктеу аз болғандықтан (8 адам) деректердің нақтылығы төмен

Балалардың 57% егістікте жұмыс істеп жүрген кезде жарақат алып, оларға медициналық көмек көрсетілді (62% ұл бала мен 52% қыз бала көмек алды). Жұмыс орнында жарақаттанған кезде көмекті көбінесе ата-аналар береді (балалардың 69%), ал қалған жағдайларда егістікте жұмыс істеп жүрген ересектер (15,2%) немесе бригадир (1,5%), достары, іні/қарындастары (7,6%) қол ұшын берген. Медицина қызметкері балалардың 3% көмек көрсеткен. Сонымен қатар балалардың 3% ешқандай көмек алмаған.

Ата-аналармен болған ФТП нәтижесі бойынша егістікте медициналық қызметкер болмайды. Ал қандай да бір жағдайда бала жарақаттанып қалатын болса, оған міндетті түрде көмек көрсетілетіндігіне олар сенімді. Ата-аналар балаларды алдымен өздері емдейтіндіктерін, егер ол жазылмай жатса ғана дәрігерге баратындықтарын айтты.


Өзім үйде емдеймін, егер жағдайы ауырласа ғана дәрігерге барамын. Қазір жарнаманың арқасында балалар ауырғанда қандай дәрі ішу керектігін өздері айтады. (ата-аналармен ФТП, АО)

4.3 Бос уақытты ұйымдастыру

Мақсатты топтың балаларында бос уақыт бар ма және оны олар қалай өткізеді – бала еңбегімен айналысатындарға балама болып табылады. Балалардың жауаптары бойынша олардың кейбіреуі тынығуға немесе өзін-өзі дамытуға арналған бос уақытқа құқылы екендігін білмейді.

Еңбек олардың барлық бос уақыттарын алатындықтарын қыздардың 30% мен ұлдардың 16% мойындайды. Балалардың 3% бос уақытында үй шаруасымен айналысатынын айтса, 21,8% жұмыс істеп, ақша табатындығын білдірді. Ал 24%-ы кіші інілеріне қарайласады.

15-диаграмма. Бос уақытында балалар немен шұғылданады, N= 206, %



Дерек көзі: Аграрлық секторында жұмыс істейтін 206 баладан сауалнама алу

Балалар егістіктегі жұмысты ең алдымен өздеріне ақша табудың бірден-бір мүмкіндігі деп санайды (65%). Яғни осы балалардың көбісі ақша мәселесіне ұшырап, мұқтаждыққа ие: тамаққа (балалардың 9,7%), киімге (балалардың 26%) ақша жетпейді, мектепке киіп баратын киімім жоқ (14%), оқу құралдарым жеткіліксіз (5%).

Тек балалардың жартысында ғана спорт секцияларына (52%), үйірмелерге (56,4%) қатысуға мүмкіндіктері бар. Секцияларда спортпен тек 1,5% айналысса, мектептегі үйірмелерге балалардың 11,8% ғана барады. Көптеген елді мекендерде қосымша білім алу үшін және бос уақытын өткізуге арналған орындар жоқ: спорт алаңдары, секциялар, үйірмелер, аула клубтары, балаларға арналған демалыс орындары, мәдениетті орындар

атымен жоқ деп айтуға болады. Бос уақытын өткізуге арналған орындардың болмауынан ата-ана баласының жұмыс істегенін қалайды.

14-кесте. Балалар бос уақытында ештеңемен шұғылданбайды, N=204, %

	Алматы облысы				Оңтүстік Қазақстан облысы		
	Ескелді N=10	Еңбекшіқазақ N=35	Қаратап N=32	Талғар N=23	Мақтаарал N=51	Сарыағаш N=30	Шардара N=23
Ештеңемен айналыспайды	90,0	20,0	75,0	60,9	52,9	66,7	43,5

Дерек көзі: 204 ата-анадан сауалнама алу (профилі)

Ата-аналардың 54%-ға жуығы балаларының ешқандай қосымша жұмыспен айналыспайтындығын айтты. Зерттеу аймақтары бойынша айырмашылық байқалады. Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара ауданында мұндай жағдай жақсырақ.


Оңтүстік Қазақстан облысының елді мекендерінің жергілікті тұрғындары балалары үшін секциялардың, үйірмелердің, спорт стадиондарының, мәдени орындардың, спорт алаңдарының, балаларға арналған демалыс орындарының, аула клубтарының жетіспейтіндіктерін баса айтты. Балалар өздерінің бос уақыттарын сонда өткізіп, қосымша, жан-жақты білім алар еді. Өкінішке орай, жергілікті тұрғындар жергілікті өкіметке еш ықпал жасай алмайтындығын, олардың мұқтаждықтарын қанағаттандыра алмайтындықтарын айтады.

5-тарау. Бала еңбегін пайдалануға қалай жол бермеу керек

5.1 Баланың жұмыс істеу себептері

Бала еңбегінің негізгі себебі – отбасының кедей болуы мен отбасыдағы ересек адамдардың жұмыссыздығы. Зерттеудің нәтижесі бойынша балалардың пікірі бойынша бала еңбегінің негізгі себебі - кедейлік, отбасының ақшаға мұқтаж болуы (46%), сондықтан балалардың еңбекақы табуға ұмтылысы (45%). Ата-аналар бала еңбегінің ақша табуға деген ықыласқа қарағанда (39,8%) отбасы табысына қосымша қаржы болатыны артық деп ойлауға бейім (52%)

16-диаграмма. «Неге сен жұмыс істейсің?» деген сұраққа балалардың берген жауаптарын жіктеу, %



Дерек көзі: Аграрлық секторда жұмыс істейтін 206 баладан сауалнама алу, 204 ата-анадан сауалнама алу
*диаграммада жауаптардың тек бір бөлігі ғана көрсетілді.

ФТП мен түбегейлі сұхбат нәтижелері бойынша жергілікті тұрғындардың пікірінше егістікте көбінесе нашар отбасынан, толық емес жанұядан, көп балалы отбасынан, мигранттардан шыққан балалар жұмыс істейді. Егер ауылдағы кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмыс орны жоқ болса, ересек адамдар ақша табу үшін үлкен қалаларға жол тартады. Олардың балалары ауылда әжелерімен, аталарымен, басқа да туыстарымен қалады. Балалар кедей, әлеуметтік осал отбасының тіршілік етуіне көмектесу үшін жұмыс істеуге мәжбүр.

Отбасының төмен табысының салдарынан балалардың қажеттілікке қанағаттанбауы балалардың жұмыс істеуін арттыра түседі. Бала еңбегінің тағы бір кең етек алған себебі – балалар өздеріне ақша тапқылары келді (балалардың 45% және ересектердің 38%). Бұл балалар көбінесе өте кедей отбасынан емес, бірақ олар өз қажеттілігін қамту үшін жеткілікті ақшаға ие емес. Осылайша балалар киімдеріне, оқу құралдарына ақша табады,

«Бұл тұрақты табысы жоқ, нашар отбасынан шыққан балалар деп ойлаймын. Көп балалы отбасынан шыққан балалар да кедейліктің салдарынан жұмыс істеуге мәжбүр. Кей жағдайда ересектер өз балаларының жұмыс істейтіндігін білмеуі мүмкін (ата-анамен сұхбат, Алматы облысы)

өз отбасына көбірек ақша табу үшін көмектеседі.

Зерттеу барысында Ауганыстаннан келген оралмандар отбасы анықталды. Көп балалы отбасы. Отбасында 5 бала, олардың арасында екі егіз бала бар. Отбасы аса кедей болғандықтан, балалар жұмыс істеуге мәжбүр. Бұған қоса егіз ұлдары мақта жинауға жұмысқа кезекпен барады: біреуі жұмыс істесе, біреуі мектепке барады, ал кешке ол өзінің сыңарына мектепте өткен тақырыптарды айтып береді. Келесі күні олар алмасады. Балалардың әкесі солармен бірге мақтада жұмыс істейді. Әкесінің сөзіне қарағанда, егер балалар жұмыс істемесе, олар аштан қатуы мүмкін. (ата-аналармен сауалнаманы толтырған кездегі сұхбат, ОҚО)

Бос уақытын өткізу амалдарының жоқтығы бала еңбегінің кең етек алуына итермелейді. Балалардың бір бөлігі, әсіресе 15-17 жастағы

балалар айналысатын ештеңе болмағандықтан (2,6% бала және 3,1% ересектер) жұмыс

істейді. Немесе олар достарына болыса жұмыс істейді, себебі олардың барлық достары еңбек етеді (балалардың 6,3%, ересектердің 4,9%). Бұл жағдайда балалар отбасының экономикалық жағдайына қарамайды.

Зерттелетін елді мекенде әлеуметтік-мәдени инфрақұрылым дамымаған, спорт секциялары, үйірмелер, демалыс орындары, балалардың ойнауына арналған орындар жоқ. Сондықтанда балалар бос уақытын тиімді өткізу үшін жұмыс істеуге барады: бір жағынан жұмыс істейді, екінші жағынан достарымен араласады.

Балаларды бала еңбегіне тарту кезінде ата-аналардың, дәстүр мен діннің ықпалы өте үлкен. Балаларды еңбекке тарту кезінде ата-ана ең үлкен рөлді атқарады: ата-аналардың 60% өз балаларымен бірге жұмыс істейді.

Аз қамтылған отбасынан шыққан баланы жұмыс істеуге мәжбүрлейтін ата-аналар бар, егер отбасында немесе олардың туыстарында меншік егістігі болса, олар отбасының барлық мүшесімен сонда жұмыс істейді. Бұл кезде балалар қосымша қажет жұмыс күші болып табылады.

Кейбір балалар отбасына немесе туыстарына тиісті егістікте туыстары мен ата-аналарына қолғабыс ету үшін жеңіл жұмыстарды атқарады. Бұл жағдайда отбасылық кәсіпорында жұмыс істеп, ата-анаға/туыстарға көмек беру, олардың көзқарасы бойынша бала еңбегі болып табылмайды, керісінше еңбекке баулудың бір белгісі. *«Біздің балалар өз жерімізде картоп, қырыққабат, қиярды жинауға шыққан кезде көмектеседі. Дер кезінде жұмысты аяқтау үшін балаларды көмекке аламыз. Әрине балалар көп көмектеспейді, қайткенмен де олар көмек көзі. Адамдарды ауыр жұмысқа жалдаймыз».* (ОҚО, ата-аналармен сұхбат)

Басқа жағынан алып қарайтын болсақ, кейбір ата-аналар өз баласын ауылда бос жүріп, жаман топқа кіріп кетпеуі үшін жұмысқа әдейі жібереді. Сондықтан да ауылдың көптеген тұрғындары үшін балалардың еңбектенуі жаман болып көрінбейді, керісінше жамандықтан сақтандыратын, тәрбиелік сипаты бар жұмыс болып табылады. Еңбек арқылы балада еңбек сүйгіштік, отбасы алдындағы жауапкершілік қалыптасады, ата-аналардың пікірінше ол баланың болашақ өміріне өте қажет. Мұсылман дәстүрі мен әдеттері бойынша әсіресе ауылдық жерде баланы жастайынан еңбекке баулу керек. Қыз бала 13 жасында тамақ істеп, үй жинай білуі керек, ал ұл бала – ер адамның жұмысын атқара білуі тиіс. *«Ауылдық жерде баланың мақтада жұмыс істеуі өте орынды. Ол жаман топқа түсіп, бір нәрсені бүлдіріп жүргеннен жақсы».* (ФТП ОҚО)

Көптеген ата-аналардың өздері бала кезінен мақтада, көкністе немесе темекіде жұмыс істеуге тартылған (61%). Ата-аналардың жауаптары бойынша баланың еңбектенуіне себеп болғандар: (а) отбасы кедей өмір сүреді, (б) көп балалы отбасында өмір сүрді, олардың отбасы ақша тапшылығын көрді, (с) балалар ата-аналарына ақша табуға көмектесті. Сондықтанда олар өз балаларының мақтада немесе көкөністе жұмыс істеуін бала еңбегінің ең нашар түрі деп санамайды. Ата-аналардың пікірі бойынша баланы еңбекке баулу керек, еңбек – тәрбиелік рөл атқарады, әрине ата-аналардың бұл пікірі дұрыс. Ол аздай, қазіргі таңда қалалық ата-аналар өз балаларын нашақорлықтан, ішімдіктен, компьютерлік ойындардан қорғау үшін ауылға жұмыс істеуге жібереді. Мақтада, темекіде, көкөністе жұмыс істейтін ата-аналардың мұндай тобымен түсіндірмелі жұмыстарды жүргізу керек. ФТП мен сұхбат нәтижелері жергілікті қоғамдастықта балаларды еңбекке баулуды көбінесе қолдап, мақұлдайтындығын, алайда бұл бала еңбегінің ең нашар түрі екендігін сезінбейтіндіктерін байқаймыз. Орта есеппен балалардың тек 2% ғана олардың жұмыс істеуі теріс ықпал ететіндіктерін айтқан.

Баланың жұмыс істеу керектігін кім шешеді? Балалардың жауабы бойынша жұмыс істеу керек деген шешімді олар өз еркімен қабылдағандар (балалардың 76%-ы), ал 19% - ата-аналардың немесе асырап алушылардың шешімі болды, 3,4% жағдайда достары ықпал еткен.

Гендерлік аспектіде ата-аналар қыздарға қарағанда ұлдардың жұмыс істеу керектігі туралы шешімді қабылдайды (14,5% қыздармен салыстырғанда ұлдар 22%).

Зерттеудің нәтижелері бойынша көбінесе жұмыс істеу туралы шешімді баланың өзі қабылдайды, сондықтан да бала еңбегінің ең нашар түрі жайында, оның салдары туралы түсіндіру мен насихат жұмыстарын ата-аналармен, сондай-ақ балалармен жүргізген жөн (мысалы, мектептердегі өзін-өзі тану пәні арқылы).

Жұмыс берушілер бала еңбегін мақтада, темекіде пайдалануға болмайтындығын, ал көкөністерде белгілі бір жағдайларды ескеру арқылы ғана пайдалану керектігін біледі. Көп жағдайларда жұмыс берушілер бала еңбегін пайдаланатындығын теріске шығарды. Ал балаларды жалдап отырған жұмыс берушілер (көкөніс пен мақта) еңбек заңнамасындағы барлық шарттар мен талаптарды сақтағандығын айтады.

Жергілікті биліктің, денсаулық сақтау, балалар құқығын қорғау департаменті мен мектеп әкімшілігінің өкілдері бала еңбегі деген құбылыстың қоғамда болуына теріс қарайды. Жергілікті билік орындары бала еңбегіне қарсы насихат жұмыстарын белсенді атқарып отыр, әртүрлі тәсілдер арқылы халықтан балалардың жұмыс істемеуін талап етеді.

5.2 Жұртшылықтың ұсынысы

Бала еңбегін, әсіресе оның ең нашар түрлерін қолданудың алдын алу үшін не көмектесе алады? Зерттеу кезінде ауылдың жергілікті халық өкілдерінен, ата-аналардан, қоғамдық қайраткерлерден, жұмыс берушілерден, денсаулық сақтау, білім беру, тәртіп сақтау органдарының өкілдерінен, ҰЕҰ Қазақстанның аграрлық облыстарында бала еңбегінің баламасы туралы сұрастырылды. Нәтижесінде келесі баламалар ұсынылды.

Аула клубтарын, оқушылар үйлерін, үйірмелерді, спорт секцияларын, қосымша білім беруді ұйымдастыру. Балалардың бір бөлігінің жұмыс істеу себебі – олар өздерінің бос уақыттарын қайда өткізетіндіктерін білмейтінін зерттеу жұмыстары анықтап берді. Ауылдық жерлерде клубтар, спорт алаңдары, балалардың тынығатын және ойын сауық өткізетін орындары жоқ. Ата-аналардың өздері балаларының жаман топқа түсіп кетпеуі үшін жұмысқа шығарады. Жазғы және күзгі мезгілде ұйымдастырылған аула клубтары, үйірмелер мен секциялар жастардың бос уақытын өткізуді қамтамасыз етер еді.

Жұмыс орындарымен қамтамасыз ету және кедейліктен құтылу. Жұртшылықтың өкілдері мен жергілікті тұрғындардың пікірі бойынша бала еңбегін болдырмау үшін әсіресе ауылдық жерлерде үлкендерге дұрыс, табысы жақсы жұмыс орындарын беру. Халықтың ересек бөлігін табысы жоғары, яғни өз отбасын асырауға қаражаты жететін жұмыспен қамтамасыз ету керек. Еңбекке жарамды халықты жұмыс орындармен қамтамасыз

Отбасының өз егістігі бар, онда жүгері мен темекі өсіреміз. Отбасында 4 бала, оның екеуі бала жастайынан мүгедек. Осы себептен олар мектепке бармайды. Барлық төрт бала да өз жасынан кіші көрінеді. Отбасы өте кедей тұрады, ақша кейде тамаққа да жетпей қалады. Үлкен қызым мүгедек, 16 жаста, темекіде жұмыс істеген кезде тәулігіне 4-5 сағат жұмыс істейді. Ол мектепке бармайды. Отбасы ешқандай әлеуметтік жәрдемақы алмайды, анасы әлеуметтік жәрдемақының берілуін қалайды. Балалардың нашар денсаулығына қарамастан, ата-аналары темекі өсіреді, өз балаларының денсаулығын қатерге қояды (ата-аналармен анкетаны толтырған кездегі сұхбаттан, АО).

ету үшін мемлекет тарапынан шаралар қолдану керек. Әсіресе бұл уақытша, тұрақты емес немесе маусымдық табыстарға ие адамдарға қатысты.

Мәлишері жеткілікті балалар жәрдемақысы мен көп балалы отбасыларды қолжетімді әлеуметтік қолдау.

Балалары жұмыс істейтін отбасылардың көбісі мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік жәрдемақыға үміт артпайды. Біріншіден, аз қамтылған отбасыларға арналған әлеуметтік жәрдемақылардың көлемі өте төмен. Екіншіден, ауылдық жерлердегі отбасылар үшін оны рәсімдеу құқығын алу өте қиын.

Қазіргі таңда жәрдемақы кедей отбасына балаларды асырауға және бала еңбегінің алдын алуға көмектесе алмайды. Мемлекетке (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан) жәрдемақылардың көлемін қайта қарастыру керек, көп балалы, аса кедей отбасыларды әлеуметтік қорғау үшін олардың көлемі тепе-тең болуы керек.

Балалар жәрдемақысы түріндегі ақшалай табыстар бала еңбегінің баламасы болып табылады, егер бұл төлемдер «шарттасқан» болса. Яғни жәрдемақы ата-ана бала еңбегінен бас тартқан жағдайда ғана төленетін болады.

Балаларға жазғы лагерлерге жолдама беру әлеуметтік қолдаудың бір түрі ғана болып табылмай, бала еңбегінің баламасы бола алады.

Ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Балаларының жұмыс істейтіндігінің негізінде ата-аналар анықталды. Кейде ата-аналар мақтада немесе кептіріліп жатқан темекінің қасында жұмыс істеп жүрген баласына қауіп төніп тұрғанын білмейді. Мақта, темекі егілетін жерлерде балаға төнетін қауіп туралы ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу кезінде осы салаларда бала еңбегінің көлемін азайтуға көмектеседі.

Қазақстанның аграрлық секторында жаңа технологияларды енгізу. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, Қазақстанның аграрлық секторында қолмен істелетін жұмысқа мұқтаждық және өнімді жинау кезінде жұмыс қолдарының жетіспеушілігі байқалады. Егер ауылшаруашылығын механикаландырып, батыстың жаңа технологияларын ендіретін болсақ, бұл қол еңбегін төмендетуге себеп болар еді.

Мысалы, 9 адамның көмегімен 6 мың гектар жерден мақта жинауға мүмкіндік беретін технологиялар бар. Ал Қазақстанда мақтаны қолмен жинау кезінде өте көп адам керек. Қазіргі таңда комбайн үстіңгі және ашылған қауашақты ғана жинайды. Жоғарыда атап өткеніміздей, мақта кезеңмен піседі, бір егістікке комбайнды бірнеше рет жіберуге тура келеді. Егістікке комбайнды үнемі жіберіп тұру жұмыс берушіге қаржы жағынан тиімсіз. Мақтаны қолмен жинағандарға ақы төлеу жұмыс берушілерге қолайлы. Жұртшылық өкілдері бала еңбегін қолдануды болдырмау үшін мақтаны жинау кезінде мақтаны өсіретін/жинайтын жаңа технологиямен және жаңа ауылшаруашылық техникасымен (шағын комбайн, тракторлар) толықтай қамтамасыз ету керек деп санайды. Ол үшін қол жұмысына қарағанда механикаландырылған еңбек фермерлерге экономикалық тұрғыдан қолайлы болатындай жағдай жасау керек. Жергілікті биліктің қолдауынсыз мұндай жетістіктерге шағын фермерлік шаруашылықтардың қол жеткізуі мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығында бала еңбегінің баламасы «Мақтаны толықтай комбайнмен жинауға болады. Мақтаны өсіру кезінде шетелдік инновацияны енгізу керек. Осы технология бойынша мақта арнайы химикаттармен өңделіп, бұтақта бір уақытта қауашақ 90% дейін ашылады. Қалған мақтаның 10% қолмен жинауға болады. Ол үшін ең алдымен бір егістікте сынақ жүргізу керек, сондықтан да бізге жергілікті өкіметтің көмегі қажет. Яғни мақтада бала еңбегін пайдаланбау жағдайы тек жұмыс берушіге пайдалы болған кезде ғана мүмкін. Ол үшін жұмыс берушіге мақтаны жинауды механикаландыру керек, сол кезде бала еңбегіне сұраныс болмайды».

Қоғамдық ұйымның өкілі, ОҚО

Темекіні сұрыптау, кептіру, байлау қол еңбегін қажет етеді, бұл жұмыстар адамдар тұратын үй ауласында жүргізіледі. Алайда жұмыстың бұл түрлері арнайы салынған қоймаларда, кептіру қондырғыларында жүргізілуі тиіс, ал бұл жерлерді темекі өндірушілер арзан бағамен жалдаған болар еді. Бұл жағдайда балалар зиянды жұмыстарға тартылмас еді. Жергілікті билік органдары темекі сақтау құрылысын жүргізуге іс-шара қолданар еді.

Бала еңбегін қоғамда тиімсіз ету, тіпті олардан мүлдем бас тарту үшін бүгінгі 14 жастан жоғары балаларға ҚР еңбек заңнамасын сақтауды қамтамасыз ететін еңбектің жеңіл түрлерін ұсыну керек және жастардың жұмыспен айналысуын қолдау қажет.

Бала еңбегінің баламасы ретінде *балалар еңбегін пайдаланбауға жұмыс берушілерді ынталандыратын ұйымдастырушылық-экономикалық шаралардың кеңінен әзірлеуі* қажет. Мысалы, салық мөлшерлемелерін төмендету, жеңілдікті несиелер беру, төмендетілген мөлшерлемелермен лизингке ауылшаруашылық техникасын беру және т.б.

5.3 Бала еңбегін қолдануға қарсы тұруда жергілікті өкіметінің рөлі

Зерттеудің нәтижесі бойынша халық пен қоғамдастық бала еңбегінің алдын алу үшін жергілікті билік қолданатын келесі шараларды анықтап берді. Түсіндірме жұмыстары мен насихаттау ең кең тараған шаралар болып табылады. Әкімшілік, мектеп, аурухананың қызметкерлері ауыл тұрғындарымен бала еңбегін қолданудағы заңға қарсы жақтары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Ауылды мекендерде әкімшілік жергілікті тұрғындардан олардың балалары жұмысқа тартылмайтындығы туралы ауызша уәде алады. Осы шараның нәтижесінде барлық ата-аналар балаларының жас шамасы мен еңбектің ұзақтығына қарамастан мақта мен темекіде, көкөністе заңсыз жұмыс істейтіндігін біледі. Алайда, егер отбасы амалсыздан баласын жұмысқа салатын болса, олар балаларының жұмыс істейтіндіктерін жасырып, еңбекке тартуын тоқтатпайды.

Әкімшілік бізден балаларды жұмыс істеуге итермелемейміз деген ауызша уәде алды (ата-аналармен сауалнаманы толтырған кездегі сұхбат, ОҚО).

Қоғамдастықтың, ҰЕҰ өкілдері мен жұмыс берушілер көрсеткендей жергілікті билік өкілдері жұмыс беруші болып табылатын егістік қожайындарымен белсенді жұмыс атқарады. Әкімшілік жұмыс берушілерге оқу кезінде балаларға үгіт жүргізбеуін ескертеді. Заң бұзушы жұмыс берушілерге айыппұл мен сөгіс жариялау секілді жаза қолданады. Осы шаралардың нәтижесінде барлық жұмыс берушілер бала еңбегінің ең нашар түрінен хабардар. Олардың көбісі көкөніс пен темекі жұмыстарына көрші елден келген мигранттарды пайдаланғылары келеді. Сондай-ақ жергілікті халықтың пікірі бойынша қазіргі таңда өткен 3-5 жылмен салыстыратын болсақ, аграрлық секторда бала еңбегін пайдалану шамалы азайған.

Жергілікті билік пен мектеп әкімшілігі Жалпы білім берудің бағдарламасын жүргізеді. Білім беру басқармасы балалардың мақта жинауға қатысуын болдырмау және сабақты босатпауы туралы бұйрық шығарады. Мектептердегі сабаққа қатысуды мектеп әкімшілігі қатаң бақылайды. Оңтүстік Қазақстан облысының көптеген респонденттері билік қолданып отырған шаралар іске асырылып жатқандығын айтады. Егер бұрын балалар мақта жинау кезде жаппай сабаққа қатыспаса, қазіргі кезде олар жұмысқа байланысты мектепті аз босатады. Алайда жергілікті ҰЕҰ пікірі бойынша ОҚО бала еңбегі туралы мәселе әлі де болса бар.

Тыйым салу жұмыстары әсер етті. Бұрын ата-аналар балаларын мақта жинау үшін мектепке жібермейтін. Қазір балалар сабақты босатпайды (ата-аналармен сауалнаманы толтырған кездегі сұхбат, ОҚО).

Сонымен бірге жергілікті үкімет Балалар құқығын қорғау департаментімен бірлесе отырып, мектеп пен тиісті егістіктерде рейдтер жүргізеді. Сабақ кезінде егістікте жұмыс істеп жүрген балалар анықталса, ата-аналарға қатаң шаралар қолданылады: олар түсініктеме жазады, оларды әкімшілік айыппұлмен қорқытады. Бұл шара ата-аналарға өз ықпалын тигізеді.

Әкімшілік мектеп жасындағы балаларға жұмыс істеуге тыйым салды. Аудандық әкімшілікте рейд жүргізетін арнайы комиссия бар. Оқу кезінде, тіпті жай күннің өзінде жұмыс істеп жүрген бала анықталса, мұндай балалардың ата-аналарымен түсіндірме жұмыстары жүргізіледі (ата-аналармен сауалнаманы толтырған кездегі сұхбат, ОҚО).

Алайда, көптеген зерттелген елді мекендерде тұрғындардың пікірі бойынша бұл жергілікті биліктің қолданып отырған жалғыз шарасы. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы ата-аналардың жартысынан көбі жергілікті билік балалардың егістіктегі жұмысқа шықпауын ғана қадағалаумен шектеледі дейді.

Бала еңбегі мәселесін шешу кезінде жергілікті билік тағы қалай көмектесе алады? Ата-аналардың пікірі бойынша (80%) жергілікті билік жастардың бос уақытын өткізуді ұйымдастыруға ат салыса алады. Мысалы, балалар үйірмелерін, спорт секцияларын, аула клубтарын ашу, балалардың тынығуы мен спортпен айналысуына арнап орындар салуға көмектесуге болады. Қазіргі таңда Алматы облысының ата-аналары жергілікті билік жастардың бос уақытын өткізу үшін ешқандай шаралар жасамайды деп санайды. Алматы облысының тек 9 ата-анасы ғана (0,5%) жергілікті билік балаларға арнап мектептерде тегін спорт секцияларын, спорттық немесе музыкалық мектептерді ашу, мерекелерді ұйымдастыру үшін жағдай жасайды деп есептейді.

Оңтүстік Қазақстан облысының елді мекендеріндегі ата-аналардың пікірі бойынша балалар жәрдемақысы көмектің ең жақсы түрі. Жәрдемақы отбасының әл-ауқатын арттыра түсер еді. Бұл жағдайда балалар жұмыс істемес еді. Қарауындағы жан туралы көңіл-күй туындамас үшін белгілі бір жағдайда аз қамтылған отбасыларына ақшалай жәрдемақы беретін «Бота» Қоғамдық қорының **шартты ақшалай төлемін** зерттеп, оны ұсыну тәжірибесін қабылдау керек (мысалы, балалар мектепке барулары керек, әйелдер үнемі емханада тексеріліп тұру керек және т.б.). Балалар жәрдемақысын беру шарты ретінде ата-аналар балаларын жұмысқа жібермейтіндігі туралы кепілдікті қолдануға болады.

Жергілікті өкімет көп балалы және мүгедектерге арналған жәрдемақымен көмектесе алады. Сонымен қатар олар үйірмелерді, секцияларды ұйымдастырып, кітапхананы жаңарта алады. Осы үшін учаске мен ғимараттар бөліп бере алады. (ата-аналармен сауалнаманы толтырған кездегі сұхбат, ОҚО)

Бала еңбегі туралы мәселе бір ғана жергілікті өкіметтің күшімен шешілмейді. Халық арасында бала еңбегінің алдын алу үшін тренингтер, түсіндірме жұмыстарын жүргізетін азаматтық сектордан қолдау болу керек (Балалардың құқығын қорғау жөніндегі департаменттің пікірі).

5.4 Балалардың құқығын қорғау жөніндегі қоғамдық ұйымдардың рөлі

Көптеген ата-аналар өз ауылдарында балалардың құқығын қорғау бойынша жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдар туралы естімеген, білмейді де. Респонденттер ҰЕҰ Қазақстанның тек ірі қалаларында жұмыс істеуі мүмкін деген пікір білдірді.

Біздің ауылда ақсақалдар «қоғамдық қорды» басқарады. Бұл қорға әр отбасы айына 250 теңгеден тапсырады. Бұл қордан жергілікті қауымның түрлі мұқтаждарына ақша бөлінеді: (1) той өткізуге, жерлеу рәсіміне, (2) жол телімдерін жөндеуге, (3) сырқаттарға дәрі-дәрмектер сатып алуға, (4) жетімдер мен кедей отбасыларына көмек көрсетуге. Алайда бұл сомаларды кейін қайтару керек болады (бөлшектеп, мерзімі мен шарты анықталмаған, отбасының мүмкіндігі болған жағдайда). Кедей отбасына Қордан берілетін көмек жылына 2 рет көктем мен жазда жүзеге асырылады (ата-аналармен ФТП, Мақтаарал ауданы, ОҚО)

Алайда кейбір ата-аналар ҮЕҰ кездесіп, олардың қызметі туралы біледі. Алматы облысының кейбір елді мекендерінде ауған әскерлерінің қоғамы, ақсақалдар кеңесі, Нұр Отан партиясы жұмыс істейді. Олар қайырымдылық қызметтермен және кедей отбасыларына жәрдем берумен айналысады. Еңбекшіқазақ ауданындағы ата-аналар мен балалардың айтуы бойынша Филипп Моррис Компаниясы атынан жазғы лагерге аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға жолдамалар берілген екен. ОҚО Мақтаарал ауданының ата-аналары өз ауылдарында ақсақалдар кеңесі мен жергілікті ҮЕҰ Сана Сезімнің қызметі туралы айтып өтті. Жергілікті ҮЕҰ аз қамтылған отбасындағы балаларға жәрдем береді, балаларға арнап экономикалық білім жөнінде сабақ жүргізеді.

Елді мекендердегі ақсақалдар кеңесінің жұмысы қызықты. Әлеуметтік мәселелерді шешу кезінде ақсақалдар (Билер) маңызды рөл атқарады. Елді мекеннің тұрғындары ақсақалды дауыс беру арқылы сайлайды. Ақсақалдың міндеті – кедей отбасыларына көмектесу, дауларды реттеу, ауыл тұрғындарына кеңес беру, қоғамдық ақшалай қорды қадағалау. Осы ақсақалдар арқылы жергілікті өкімет тұрғындарға балалардың жұмыс істеуіне тыйым салынғаны туралы хабарлайды. Халық ақсақалды құрметтейді, оның сөзін тыңдайды, ауылда ақсақалдың сөзі заң. Кейбір ауылдарда олар балалардың жұмыс істеуіне тыйым сала алмайды, себебі көптеген жергілікті халық өз егістіктеріне ие, олардың балалары өздерінің егістіктерінде жұмыс істейді.

Бала еңбегін қолдану мәселесін шешуде аймақтарда қызмет ететін қоғамдық ұйымдар маңызды орын алады:

- балалармен, ата-аналармен, қоғамдастықпен бала еңбегінің халыққа теріс ықпалын қалыптастырып, өсіп келе жатқан ұрпақ денсаулығына қандай зиян келтіретіндігі туралы тренингтерді жүргізу;
- баланың бос уақытын өткізуді ұйымдастыруға қатысу;
- кедей отбасының мәселелерін шешуге көмектесу.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Алынған деректерге біршама шектеулер қойылғанын атап өту керек. Елді мекенді (ОҚО) және санақ үшін елді мекеннің ішінде аумақты таңдау *мақсатты* (кездейсоқ детерминдеу тәсілі емес) болды. Таңдаудың детерминді тәсілі зерттеу мен ХЕҰ-ИПЕК жобасының талаптарына сәйкес келу үшін таңдалды, яғни әлеуетті бенефициарларды анықтау үшін. Сондықтан да бала еңбегін пайдалану жөніндегі мәліметтерді Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша жалпы жиынтықта таратуға болмайды. Бала еңбегінің таралуы жөніндегі деректер *тек* кедей және табысы төмен ел шоғырланған, көкөніс, темекі немесе мақта алқаптарының жанында өмір сүретін елді мекендердің аумағына ғана барабар.

Таңдап алынған аумақтарда бала еңбегі жөніндегі нақты көрсеткіштер біраз жоғары болуы мүмкін. Зерттеушілер ересектер мен балалардың егістікте жұмыс істейтіндіктерін жиі жасыратындығымен ұшырасты. Бұл жергілікті өкіметтің, полицияның және ҚР БҒМ Балалар құқығы жөніндегі департамент тарапынан болатын аңдудан қорыққандықтан болады. Мысалы, ОҚО егістік жұмыстары басталар алдында бала еңбегінің алдын алу үшін рейдтер, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кедей отбасының адамдары осының салдарынан қорыққан еді. Алайда олардың балалары жұмыс істеуін тоқтатпады, бірақ бұл фактіні үй шаруашылығы санағын жүргізу кезінде зерттеушілерден жасырып қалды.

Осы себептерге байланысты жұмыс істейтін көптеген балалар мен олардың ата-аналары сауалнамадағы сұрақтарға жауап беруден бас тартты. ОҚО аудандарында жауап бергендердің пайызы 52% асқан жоқ, әсіресе мақта өндіретін аудандарда: Шардара (19%) және Мақтаарал (34%).

Профильді, темекімен айналысатын балаларды бағалау үшін тек 10 адам ғана анықталды. Оның барлығы сауалнамаға жауап берді. Алайда 10 баладан тұратын іріктеуде темекіде жұмыс істейтін балалардың профилі бойынша деректер статистика жағынан нақты емес. Темекімен айналысатын балалардың статистикасын талдау кезінде осы жағдайды ескерген жөн.

Зерттеу көрсеткендей, қазақстандық өкімет бала еңбегі мәселесінің бар екендігін мойындайды және бала еңбегінің нашар түрін жою үшін балалардың мектепке баруын қамтамсыз ететін насихат жұмыстарын жүргізу арқылы азайтуға тырысады.

Қазақстандағы бала еңбегіне байланысты мәселелер әлеуметтік, мәдени және экономикалық факторлардың күрделі үйлесуіне байланысты туындайды. Ата-аналардың білім деңгейінің төмендігі, тұрақты жұмыс пен табыстың болмауы, жұмыссыздық, отбасы мүшелерінің көп болуы, аса кедейлік, бала еңбегі баламасының жоқтығы мен оған оң көзқарастың болмауы қоғамда оның кең етек алуына жол беретіндігін зерттеу жұмыстары көрсетті.

Алматы облысында зерттелген елді мекендердегі аграрлық секторда бала еңбегінің таралуы 7% құраса, Оңтүстік Қазақстан облысында 15,3% тең. Отбасы өте кедей болғандықтан, балалар жұмыс істеп, ата-аналарына ақша табу үшін көмектесу жағдайы 56% құрайды. Немесе балалар киім, аяқ киім, оқу құралдары, басқа да қажет нәрселер, мысалы компьютер, ұялы телефон және велосипед жетіспегендіктен, ата-анасы оларды сатып әперуге шамасы болмағандықтан, жұмыс істеуге мәжбүр (шамамен 30%). Алайда балалардың 14% бос уақытын қауіпсіз өткізетін, қосымша білім алу мүмкіндігінің жоқтығынан, адами әлеуетін дамыту мүмкіндігі жоқтығынан еңбекке араласады. Егер отбасының бірінші тобы үшін материалдық көмек пен әлеуметтік қолдау керек болса,

отбасының соңғы тобы баласының бос уақытын қауіпсіз өткізуі үшін баланы жұмысқа тартады.

Ата-ананың, дәстүрдің, діннің ықпалы бала еңбегін пайдаланудың тағы да бір себептері болып табылады. Жергілікті жұртшылық көбінесе бала еңбегінің ең нашар түрі екендігін мойындамай, керісінше балалардың жұмыс істегендігін мақұлдап, қолдайды: балалардың 2% ғана олардың жұмыс істейтіндігіне қоршаған орта теріс пікір білдіргенін айтты.

Қазақстандағы мақта, темекі және көкөніс салаларының ерекшелігі – өсірудің барлық кезеңінде қол және төменгі білікті еңбекті кеңінен қолдану. Бұл бала еңбегін пайдалануға жол ашады.

Орта мектеп білімі жұмыс істейтін 7 жастан 14 жасқа дейінгі балаларға формальді түрде қолжетімді²⁹: олар өткен оқу жылында және үстіміздегі оқу жылында сабаққа барды. Алайда жұмыс істейтін балалар мақта жинау кезеңінде мектепке бармайды, себебі оларға жұмыс істеп ақша табу керек (балалардың 11% көкөністе, 44% - мақтада). Осыған байланысты оларда мектептегі үлгерім мен оқу сапасы төмендейді.

Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанда бала еңбегінің ең нашар түрлерінің алдын алу және жою саясатын қалыптастыру үшін келесі ұсыныстарды келтіруге болады:

Бала еңбегінің ең нашар түрін болдырмау үшін тек ересектер арасында ғана емес, сонымен қатар балалардың өзімен насихат жұмыстарын жүргізу керек. Бұл жұмыстарды мектептегі өзін-өзі тану сабақтарында өткізуге болады. Насихаттау, түсіндірме жұмыстары және басқа да ақпараттық кампаниялар қоғам, жергілікті халық, ата-аналар, балалар тарапынан бала еңбегіне теріс қатынасты құруға көмектесер еді. Сонымен қатар ата-аналар мен балалардың өздеріне еңбектің ең нашар түріне баули отырып, өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығына қандай зиян келтіретіндігі туралы түсіндірер еді. Себебі балалар мақта, темекі немесе көкөніс егістіктеріне жұмыс істеуге барған кезде өз денсаулықтарына зиян келтіретіндерін ойламайды.

